

Қоғам & Дәуір



ҚСЗИ

Қазақстан Республикасының
Президенті аясындағы
Қазақстанның стратегиялық
зерттеулер институты

2004 жылдан бастап
әр тоқсан сайын жарық көреді

Бас редактор
Алуа Жолдыбалина,
ҚР Президенті жанындағы
ҚСЗИ-дің бөлім басшысы

Шығаруға жауапты:

А. Арзықұлов

Редакция мекенжайы:
Қазақстан Республикасы,
010000, Нұр-Сұлтан қаласы,
Бейбітшілік көшесі, 4
ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ

Телефон (7172) 75-20-20
Факс (7172) 75-20-21
E-mail: office@kisi.kz
www.kisi.kz

Журнал Қазақстан Республикасының
Мәдениет, ақпарат және қоғамдық
келісім министрлігінде 2003 ж.
19 желтоқсанда тіркеліп, тіркеу туралы
№ 4526-Ж куәлік берілген.

ISSN 2414 - 5696

Индекс 74007

Журналда жарияланған материалдарды
көшіріп басқан, микрофильмдеген
жағдайда журналға сілтеме жасалынуы
міндетті. Жарияланған мақала
авторларының пікірі редакция
көзқарасын білдірмеуі мүмкін.

ҚБ «ҚСҚ» «Көкшетау» ҚФ
басылып шығарылды.
Көкшетау қ.,
Қанай-би, 37.

Таралымы 500 дана.

**Қоғам &
Дәуір**

ҒЫЛЫМИ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ

МАЗМҰНЫ

Дархан Қыдырәлі, Ботагөз Рақышева
Түркібарометр-2017: түркі тілдес елдердің
астаналық тұрғындарының пікірі бойынша түркі
әлемі елдерінің гуманитарлық және экономикалық
ынтымақтастығының нысандары мен бағыттары
(Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Түркіменстан,
Түркия, Өзбекстан) 6

Дастан Көшербаев
Жоғары білім Қытайдың «жұмсақ күшінің»
құралы ретінде..... 22

**Жанбол Жылбаев, Толқын Бәлкен,
Манара Адамова**
Әлемдік заманауи үдерістердің орта білім беру
жүйесіне әсері 29

Бауыржан Бокаев, Алуа Жолдыбалина
Зияткерлік әлеуетті дамыту саласындағы
Қазақстандағы миграциялық трендтер:
эксперттік сауалнамаларға талдау 41

Слямжар Ахметжаров, Адай Баймұқанов
Қазақстандағы алқабилер сотының даму мәселелері .. 50

Әмина Үрпекова
Қазақстанның диаспоралық саясаты туралы 59

Александр Ярков
Ресейдің Сібір бөлігіндегі және Солтүстік Қазақстан
аймағындағы экстремизм мәселесі туралы..... 69

Анастасия Решетняк
Экстремизмнің алдын алу: қазақстандық контекст 76

РЕЦЕНЗИЯ

Мурат Лаумулин
Орталық Азия бойынша 2018-2019 жылғы
Батыс әдебиетіне шолу 85

СОДЕРЖАНИЕ

Дархан Қыдырәлі, Ботагөз Рақышева
Тюркбарометр – 2017: формы и направления
гуманитарного и экономического сотрудничества
стран тюркского мира по мнению столичных жителей
тюркоязычных стран (Азербайджан, Казахстан,
Кыргызстан, Туркменистан, Турция, Узбекистан) 6

Дастан Кошербаев
Высшее образование как инструмент
«мягкой силы» Китая 22

Жанбол Жылбаев, Толқын Бәлкен, Манара Адамова
Влияние современных тенденций на
отечественную систему среднего образования 29

Бауыржан Бокаев, Алуа Жолдыбалина
Миграционные тренды в Казахстане в контексте
развития интеллектуального потенциала:
анализ экспертных опросов 41

Қоғам & Дәуір



ҚСЗИ

Қазақстан Республикасының
Президентінің Қаулымен
Қазақстанның стратегиялық
зерттеулер институты

Слямжар Ахметжаров, Адай Баймуканов
Проблемы развития суда присяжных в Казахстане... 50

Амина Урпекова
О диаспоральной политике Казахстана..... 59

Александр Ярков
К вопросу об экстремизме в сибирской части
России и Северном Казахстане 69

Анастасия Решетняк
Профилактика экстремизма: казахстанский контекст... 76

РЕЦЕНЗИЯ

Мурат Лаумулин
Обзор западной литературы
по Центральной Азии за 2018-2019 год 85

CONTENTS

Darkhan Kudyrali, Botagoz Rakisheva
Turkbarometer – 2017: Forms and Directions
of Humanitarian and Economic Cooperation of the Turkic
World According to the Capital Residents
of Turkic-Speaking Countries (Azerbaijan, Kazakhstan,
Kyrgyzstan, Turkmenistan, Turkey, Uzbekistan)..... 6

Dastan Kosherbayev
Higher Education as a Tool of China's «Soft Power» 22

Zhanbol Zhylybayev, Tolkyn Balken, Manara Adamova
Contemporary Global Processes Impact
on Secondary Education 29

Bauyrzhan Bokayev, Alua Zholdybalina
Migration Trends in Kazakhstan in the Context
of Intellectual Potential Development:
Analysis of Expert Polls 41

Slyamzhar Akhmetzharov, Aday Baimukanov
The Issues in the Development of Jury Trials in
Kazakhstan 50

Amina Urpekova
On Diaspora Policy of Kazakhstan 59

Alexander Yarkov
On The Problem of Extremism in the Siberian Part
of Russia and in the North Kazakhstan Region..... 69

Anastassiya Reshetnyak
Prevention of Extremism: Kazakhstan Context 76

INTERVIEW

Murat Laumulin
Review of Western
Central Asian Literature 2018-2019 85

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

- Ерлан ҚАРИН** – Редакциялық кеңестің төрағасы, Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі, саяси ғылымдарының кандидаты
- Алуа ЖОЛДЫБАЛИНА** – Бас редактор, ҚР Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институтының бас ғылыми қызметкері, Ph.D
- Алмас АРЗЫҚҰЛОВ** – редактор, ҚР Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты, ақпараттық-талдау жұмысы бөлімі басшысының орынбасары, тарих магистрі
- Уямо ТОМОХИКО** – Хоккайдо университеті жанындағы Славян зерттеулер орталығының профессоры (Жапония), Ph.D
- Уильям ФИЕРМАН** – Индиана университетінің профессоры (АҚШ), Ph.D
- Сон ЮНХУН** – Ханкук университетінің профессоры (Оңтүстік Корея), Ph.D
- Бүркітбай АЯҒАН** – ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор
- Қазбек ИСАЕВ** – ҚР Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институтының ғалым хатшысы, тарих ғылымдарының кандидаты
- Мейрам ҚАЖЫКЕН** – Қазіргі заманғы қоғамды зерттеу институтының директоры, экономика ғылымдарының докторы
- Ботагөз РАҚЫШЕВА** – «Қоғамдық пікір» зерттеу институтының директоры, әлеуметтану ғылымдарының кандидаты
- Айгүл САДУАҚАСОВА** – ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Орталық Азия өңіріндегі этносаралық және конфессияаралық қатынастарды зерттеу жөніндегі орталықтың басшысы, әлеуметтану ғылымдарының докторы

РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ

- Ерлан КАРИН** – председатель Редакционного совета, советник Президента Республики Казахстан, кандидат политических наук
- Алуа ЖОЛДЫБАЛИНА** – шеф-редактор, главный научный сотрудник Казахстанского института стратегических исследований при Президенте РК, Ph.D
- Алмас АРЗИКУЛОВ** – редактор, заместитель руководителя отдела информационно-аналитической работы Казахстанского института стратегических исследований при Президенте РК, магистр истории
- Уямо ТОМОХИКО** – профессор Центра славянских исследований Университета Хоккайдо, Ph.D (Япония)
- Уильям ФИЕРМАН** – профессор университета Индиана, Ph.D (США)
- Сон ЮНХУН** – профессор Ханкукского университета, Ph.D (Южная Корея)
- Буркитбай АЯГАН** – директор института истории государства КН МОН РК, доктор исторических наук, профессор
- Казбек ИСАЕВ** – ученый секретарь Казахстанского института стратегических исследований при Президенте РК, кандидат исторических наук
- Мейрам КАЖЫКЕН** – директор Института исследований современного общества, доктор экономических наук
- Ботагоз РАКИШЕВА** – директор исследовательского института «Общественное мнение», кандидат социологических наук
- Айгуль САДВОКАСОВА** – руководитель Центра по изучению межэтнических и межконфессиональных исследований в Центральноазиатском регионе при Академии государственного управления при Президенте РК, доктор социологических наук

THE EDITORIAL BOARD

- Yerlan KARIN** – Chairman of Editorial Board, Adviser to the President of the Republic of Kazakhstan, Candidate of Political Sciences
- Alua ZHOLDYBALINA** – Chief Editor, Chief Research Fellow of Kazakhstan Institute for Strategic Studies under President of Kazakhstan (KazISS), Ph.D
- Almas ARZIKULOV** – Editor, Deputy Head of the Department of Information-Analytical Works KazISS under President of Kazakhstan, Master of History
- Uyamo TOMOHIKO** – Slavic-Eurasian Research Center, University of Hokkaido (Japan), Ph.D, Professor
- William FIERMAN** – Department of Central Eurasian Studies, Indiana University Bloomington (USA), Ph.D Professor
- Song YONGHONG** – University of Hankuk, Ph.D (South Korea), Professor
- Burkitbai AYAGAN** – Director of Institute of History of State, Ministry of Education and Science of Kazakhstan, Doctor of History, Professor
- Kazbek ISSAYEV** – Secretary for Research and Academic Affairs of KazISS under President of Kazakhstan, Candidate of Historical Sciences
- Meiram KAZHIKEN** – Director of Institute of Contemporary Societal Studies, Doctor of Economics
- Botagoz RAKISHEVA** – Director of “Public Opinion” Research Institute, Candidate of Sociology
- Aigul SADVOKASOVA** – Head of Center of Inter-ethnic and Inter-confessional Studies in Central Asia, Academy of Public Administration under President of Kazakhstan, Doctor of Sociology

Дархан Қыдырәлі¹, Ботагөз Рақышева²,
¹ Халықаралық Түркі академиясының президенті,
тарих ғылымдарының докторы, профессор,

ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі

² «Қоғамдық пікір» зерттеу институтының директоры,
әлеуметтану ғылымдарының кандидаты

**ТҮРКІБАРОМЕТР-2017: ТҮРКІ ТІЛДЕС ЕЛДЕРДІҢ
АСТАНАЛЫҚ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ ПІКІРІ БОЙЫНША
ТҮРКІ ӘЛЕМІ ЕЛДЕРІНІҢ ГУМАНИТАРЛЫҚ
ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫНЫҢ
НЫСАНДАРЫ МЕН БАҒЫТТАРЫ
(ӘЗІРБАЙЖАН, ҚАЗАҚСТАН, ҚЫРҒЫЗСТАН,
ТҮРКІМЕНСТАН, ТҮРКИЯ, ӨЗБЕКСТАН)**

Аңдатпа. Мақала Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Түркіменстан, Түркия және Өзбекстан сияқты түркітілдес елдердің гуманитарлық ынтымақтастығын зерттеу мәселесіне арналған. «Түркібарометр» халықаралық әлеуметтік зерттеу жобасын Халықаралық Түркі Академиясы мен «Қоғамдық пікір» Зерттеу институты бірлесіп әлеуметтік зерттеу жүргізді. Зерттеу барысында аталынған елдерде сауалнама жүргізіліп, қорытындысы бойынша түркі тілдес елдер арасында гуманитарлық ынтымақтастықтың негізгі бағыттары айқындалды.

Түйін сөздер: «Түркібарометр», туризм, ғылым, экономика, мәдениет, өнер, спорт

Дархан Кыдырәли, Ботагөз Рақишева

**ТЮРКБАРОМЕТР – 2017: ФОРМЫ И НАПРАВЛЕНИЯ
ГУМАНИТАРНОГО И ЭКОНОМИЧЕСКОГО СОТРУДНИЧЕ-
СТВА СТРАН ТЮРКСКОГО МИРА ПО МНЕНИЮ СТОЛИЧ-
НЫХ ЖИТЕЛЕЙ ТЮРКОЯЗЫЧНЫХ СТРАН (АЗЕРБАЙД-
ЖАН, КАЗАХСТАН, КЫРГЫЗСТАН, ТУРКМЕНИСТАН,
ТУРЦИЯ, УЗБЕКИСТАН)**

Аннотация. Статья посвящена изучению гуманитарного сотрудничества тюркоязычных стран, таких как Азербайджан,

Казахстан, Кыргызстан, Туркменистан, Турция и Узбекистан. Социологическое исследование «Тюркбарометр» был инициирован Международной Тюркской Академией в партнерстве с Исследовательским институтом «Общественное мнение». В ходе исследования были проведены опросы в странах, по результатам которого были определены основные направления гуманитарного сотрудничества между тюркоязычными странами.

Ключевые слова: «Тюркбарометр», туризм, наука, экономика, культура, искусство, спорт

Darkhan Kydyrali, Botagoz Rakisheva

TURKBAROMETER – 2017: FORMS AND DIRECTIONS OF HUMANITARIAN AND ECONOMIC COOPERATION OF THE TURKIC WORLD ACCORDING TO THE CAPITAL RESIDENTS OF TURKIC-SPEAKING COUNTRIES (AZERBAIJAN, KAZAKHSTAN, KYRGYZSTAN, TURKMENISTAN, TURKEY, UZBEKISTAN)

Abstract. The article is devoted to the study of humanitarian cooperation of Turkic-speaking countries such as Azerbaijan, Kazakhstan, Kyrgyzstan, Turkmenistan, Turkey and Uzbekistan. Sociological study «Turkbarometer» was initiated by the International Turkic Academy in partnership with the Research Institute «Public opinion». During the study, surveys were conducted in the countries, the results of which identified the main directions of humanitarian cooperation between the Turkic-speaking countries.

Key words: «Turkish Barometer», Tourism, Science, Economics, Culture, Art, Sport

«Түркібарометр» әлеуметтік еларалық зерттеу әдіснамасы

Халықаралық Түркі Академиясы мен «Қоғамдық пікір» Зерттеу институты бірлесе отырып, «Түркібарометр» халықаралық әлеуметтік зерттеудің бірінші толқынын өткізуге бастамашылық жасады. Зерттеу жобасының басты мақсаты - Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Түркіменстан, Түркия және Өзбекстан сияқты түркітілдес елдердің гуманитарлық ынтымақтастық көрсеткіштерін тұрақты өлшеу.

Сауалнама 2017 жылдың қыркүйек-қараша айларында алты түркі тілдес елдердің астаналары – Баку, Астана, Бішкек, Ашхабад,

Анкара және Ташкентте өткізілді. Сауалнамаға жауап берушілер 18 және одан жоғары жастағы түркі этностарының мемлекет құраушы тұрғындары болды. Әрбір елде бірыңғай әдістеме бойынша 500 респондент сұралды. Сауалнама жүргізу кезінде екі параметр бойынша квоталық таңдау қолданылды – жасы, жынысы. Жалпы іріктеме 3000 сауалнамаға жауап берушіні құрады. Елде сауалнама кәсіби әлеуметтік құрылымдармен жүзеге асырылды. Барлық елдер үшін бірыңғай құралдар (сауалнама) қолданылды.

Төмендегі 1-кестеде зерттеудің негізгі параметрлері, сауалнамадағы сұрақтар саны, таңдау өлшемдері, сауалнама жүргізу уақыты және сауалнама тілі келтірілген. Кестеден көрініп тұрғандай, әрбір елде сауалнама ұлттық тілде жүргізілді. Сұрақтар саны мен іріктеме көлемі, сондай-ақ далалық жұмыстарды жүргізу уақыты (қазан-қараша) сияқты барлық елдер бойынша бірдей, бұл нәтижелерді салыстырмалы талдау үшін өте маңызды.

1-кесте. «Түркібарометр» әлеуметтік зерттеудің негізгі параметрлері.

	Әзірбайжан	Қазақстан	Қырғызстан	Түркіменстан	Түркия	Өзбекстан
Сауалнама географиясы	Баку	Астана	Бішкек	Ашхабад	Анкара	Ташкент
Іріктеу (респонденттер саны)	500	500	500	500	500	500
Респонденттердің (сауалнамаға жауап берушілер) жасы	18+	18+	18+	18+	18+	18+
Сауалнамадағы сұрақтар саны	58	60	60	60	60	58
Әлеуметтік-демографиялық блок параметрлерінің саны	6	6	6	6	6	6
Дала жұмыстарын жүргізу уақыты	Қазан-қараша	Қазан-қараша	Қазан-қараша	Қазан-қараша	Қазан-қараша	Қазан-қараша
Сауалнама тілі	Әзірбайжан, орыс	Қазақ, орыс	Қырғыз, орыс	Түркімен	Түрік	Өзбек, орыс

Респонденттердің (сауалнамаға жауап берушілердің) әлеуметтік-демографиялық сипаттамалары

Нәтижелерді сипаттамас бұрын, респонденттердің қысқаша әлеуметтік-демографиялық сипаттамаларын сипаттаймыз. Барлық елдер бойынша сауалнамаға орташа алғанда 49,1% ер және 50,9% әйел қатысты. Тек Түркіменстан мен Түркияда ерлердің үлесі әйелдердің үлесінен 1-2 пайыздық тармаққа асады (2-кестені қараңыз).

2-кесте. Респонденттердің (сауалнамаға жауап берушілердің) жынысы

Жауап нұсқалары	Әзірбайжан (500 респ.)	Қазақстан (500 респ.)	Қырғызстан (500 респ.)	Түркіменстан (400 респ.)	Түркия (500 респ.)	Өзбекстан (500 респ.)
Ерлер	49,0	51,3	47,4	52,8	50,8	44,6
Әйелдер	51,0	48,7	52,6	47,3	49,2	55,4
Жиыны	100,0	100,0	100,0	100,0	100,0	100,0

Барлық алты елдің іріктеуінде әртүрлі жастағы респонденттер (сауалнамаға жауап берушілер) ұсынылған. Алайда, Түркия мен Қырғызстандағы сауалнамаға қатысушылар жастар, мұнда 18-29 жас аралығындағы жастардың үлесі 43-45% құрайды, яғни үштен бірінен астамы. Түркіменстанда іріктеме орта жасқа қарай жылжыған, ал Қазақстанда 60 жастан асқан аға буын тобы басқа елдерге қарағанда көбірек қатысқан (3-кестені қараңыз). Тұтастай алғанда, іріктеуді жасы бойынша бөлу әрбір елде халықтың жас құрылымын көрсетеді, бұл тексерілген елдердегі жас параметрлері бойынша алынған деректердің көрнекілігі туралы айтуға мүмкіндік береді.


3-кесте. Респонденттердің (сауалнамаға жауап берушілердің) жасы

Жауап нұсқалары	Әзірбайжан (500 респ.)	Қазақстан (500 респ.)	Қырғызстан (500 респ.)	Түркіменстан (400 респ.)	Түркия (500 респ.)	Өзбекстан (500 респ.)
18-ден 29 жасқа дейін	26,4	36,9	45,0	8,5	43,6	24,6
30-дан 45 жасқа дейін	34,6	24,8	29,8	45,0	36,0	45,2
46-дан 60 жасқа дейін	25,2	15,8	19,0	37,3	18,2	28,0

Жауап нұсқалары	Әзірбайжан (500 респ.)	Қазақстан (500 респ.)	Қырғызстан (500 респ.)	Түркіменстан (400 респ.)	Түркия (500 респ.)	Өзбекстан (500 респ.)
61 - ден жоғары	13,8	22,5	6,2	9,3	2,2	2,2
Жиыны	100,0	100,0	100,0	100,0	100,0	100,0

Экономикалық және гуманитарлық ынтымақтастық

Түркі тілдес әлемнің алты астанасында жүргізілген сауалнаманың нәтижесі бойынша Қазақстан экономикалық ынтымақтастық саласындағы бірінші ел, Түркия – екінші ел болып табылады. Қазақстаннан келген инвестиция ағынын Әзірбайжанда сұралғандардың 43%-ы, Қырғызстан мен Түркіменстанда сұралғандардың 40%, Түркияда сұралғандардың үштен бірі және Өзбекстанда сұралғандардың төрттен бірі құптар еді (1-сурет).



1-сурет. Сіз қалай ойлайсыз, біздің еліміз үшін түркітілдес әлемнің қай елдерінен инвестициялар мен капитал ағыны, бірлескен кәсіпорындар құру, филиалдар ашу қажет еді?*, %

* сомасы 100% тең емес, себебі респонденттер жауаптың бірнеше нұсқаларын атап өтті

Сонымен қатар, Астана тұрғындарының басым бөлігі Түркиядан инвестиция тарту идеясын қолдайды (шамамен 40%). Инвестициялар туралы мәселе бойынша Қырғызстан (57,4%) мен Әзірбайжандан (75,8%) респонденттер осы елді бірінші орынға қояды. Осы мәселе бойынша Әзірбайжан мен Түркия арасындағы экономикалық тартылыс туралы жауаптарды бөлу екі елдің күшті экономикалық тартымдылығын және тауар айналымының үлкен ағындарын да айтады.

Зерттелетін түркі тілдес елдер сондай-ақ **Түркия мен Қазақстанмен** серіктестікті қолдауға дайын (2-сурет). Осылайша, Өзбекстан мен Түркіменстанда респонденттердің басым көпшілігі

Қазақстанды бірлескен зерттеулер жүргізу және ғылыми технологиялармен алмасу пайдалы болатын ел ретінде көрсетті (тиісінше 63% және 98%). Әзірбайжанда, Қырғызстанда және Түркияда сауалнамаға қатысқандардың 24%-дан 38%-ға дейіні Қазақстанды ғылым саласында ынтымақтасуға пайдалы ел ретінде таңдады. Қазақстанның өзінде де Қырғызстан мен Әзірбайжандағы сияқты, астаналық тұрғындардың көпшілігі Түркияны ғылыми ынтымақтастыққа арналған ел ретінде таңдайды. Бір айта кетерлігі, Әзірбайжан мен Түркия арасындағы өзара тартылыс өте анық байқалады. Сондықтан біз осы екі ел арасындағы экономикалық және ғылыми-техникалық байланыстар жеткілікті жақсы дамыған деген қорытынды жасай аламыз.



2-сурет. Қандай елдермен ғылым мен техника саласында ынтымақтастық жасау - бірлескен жобалар мен зерттеулер жүргізу, технологиялармен, ғылыми нәтижелерімен алмасу пайдалы болар еді?*

* сомасы 100% тең емес, себебі респонденттер жауаптың бірнеше нұсқаларын атап өтті

Жобаға қатысушылар жалпы ғылымның, білімнің, экономиканың, мәдениеттің, өнердің, спорттың, туризмнің және т.б. түрлі салаларындағы өзара ынтымақтастықты одан әрі кеңейтуге бір ауыздан ниет білдіруі жағымды нәтиже болып табылады. Ынтымақтастық нысандары туралы сұрақтарға жауап беруге қиналғандардың аз ғана саны болғанын ерекше атап өту қажет, бұл респонденттер – алты түркітілдес елдердің азаматтары үшін осы салалардағы ынтымақтастықтың өте маңызды және қажет екендігін көрсетеді.

Ғылым және білім беру саласындағы ұсыныстар арасында респонденттердің қолдауларына мыналар жатады:

- жас ғалымдар мен жас мамандардың түркі тілдес елдерде тағылымдамадан өту/ тәжірибе алмасуы;

- студенттік және мектеп топтарымен алмасу, әртүрлі бағыттар бойынша мектеп олимпиадаларын өткізу;
- бірлескен халықаралық ғылыми жобаларды әзірлеу, бірлескен ғылыми-зерттеу институттары мен орталықтарын құру, ірі жобаларды қалыптастыру;
- халықаралық конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер, ғылыми және білім көрмелерін өткізу.

Әзірбайжан, Қырғызстан және Өзбекстанның астаналық тұрғындары үшін ғылыми ынтымақтастық саласында бірінші орында тәжірибе алмасу/тәжірибеден өту/ жас ғалымдар мен жас мамандардың тәжірибе алмасуы және студенттік/мектеп топтарымен алмасу тұр. Қазақстан мен Түркіменстан тұрғындары үшін жалпы ғылыми /білім беру іс-шараларын өткізу маңызды (халықаралық конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер, ғылыми және білім көрмелерін өткізу). Анкара тұрғындары үшін бірлескен ғылыми жобаларды әзірлеу және бірлескен ғылыми-зерттеу институттарын, орталықтарын құру, ірі жобаларды қалыптастыру басымдыққа ие (4-кесте).

4-кесте. Ғылым мен білім беру саласында біздің еліміз бен басқа да түркі елдері арасында нақты нені дамыту қажет?*

	Әзірбайжан	Қазақстан	Қырғызстан	Түркіменстан	Түркия	Өзбекстан
Жас ғалымдар мен жас мамандардың тағылымдамалары /практикадан өту/ тәжірибесімен алмасу	59,0	22,1	30,4	7,5	19,4	52,6
Студенттік топтармен алмасу, оқушылар топтарымен алмасу	56,8	14,8	42,0	-	35,0	45,0
Бірлескен халықаралық ғылыми жобаларды әзірлеу	43,4	17,1	24,2	12,5	32,4	21,8
Халықаралық конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер, ғылыми және білім көрмелерін өткізу	36,9	28,9	9,4	49,8	18,2	31,4
Бірлескен ғылыми-зерттеу институттары мен орталықтарын құру, ірі жобаларды қалыптастыру	35,7	15,4	11,8	10,8	20,6	14,2
Әртүрлі бағыттар бойынша бірлескен мектеп олимпиадаларын өткізу	32,2	8,4	8,2	19,5	13,4	5,4

	Әзірбайжан	Қазақстан	Қырғызстан	Түркіменстан	Түркия	Өзбекстан
Барлық аталғандар	-	-	2,4	-	2,4	-
Ештеңе	2,5	-	-	-	5,8	3,8
Жауап беруге қиналамын/жауап жоқ	-	6,7	2,2	-	-	-

* сомасы 100% тең емес, себебі респонденттер жауаптың бірнеше нұсқаларын атап өтті

Респонденттер мәдениет, әдебиет, өнер саласында ынтымақтастықтың барлық салаларын белсенді қолдайды.

Мәдени ынтымақтастықтың мынадай басым салалары осындай үлкен қолдауға ие (5-кесте):

- бірлескен фильмдер жасау, түркі тілдес елдердің актерлерін бірлескен жобаларға шақыру;
- музыка, кино және театр фестивальдерін, белгілі түркі шеберлерімен кездесулер өткізу;
- бейнелеу өнері, заманауи шығармашылық көрмелерімен алмасу;
- танымал түркі тілдес авторлардың кітаптарын басып шығару, бірлескен баспалар құру.

5-кесте. Айтыңызшы, мәдениет, әдебиет, өнер саласында біздің еліміз бен басқа да түркі елдері арасында нақты нені дамытуымыз керек?*

	Әзірбайжан	Қазақстан	Қырғызстан	Түркіменстан	Түркия	Өзбекстан
Бірлескен фильмдер жасау, бірлескен фильмдерге түсу үшін түркітілдес елдерден актерлерді шақыру	60,4	21,1	33,2	15,0	27,6	36,6
Музыкалық фестивальдар, оның ішінде этникалық жанрды өткізу	59,2	16,4	32,4	59,0	36,0	50,8
Кино/театр фестивальдерін өткізу, белгілі түркі шеберлерімен кездесулер өткізу	40,0	21,1	18,6	9,8	19,4	43,6

	Әзірбайжан	Қазақстан	Қырғызстан	Түркіменстан	Түркия	Өзбекстан
Түркі мәдениеті, әдебиет, өнер қайраткерлерімен тақырыптық кездесулер өткізу	40,0	18,1	17,4	4,5	19,8	22,6
Түркі тілдес авторлардың кітаптарын басып шығару, түркі тілдес елдердің кітаптарын аудару	34,9	2,7	11,2	1,5	14,4	5,0
Бейнелеу өнері, заманауи шығармашылық көрмелерімен алмасу	33,1	23,2	11,4	1,8	14,6	19,8
Көшпелі кітап көрмелерін ұйымдастыру, бірлескен баспалар құру	27,1	6,7	8,0	8,5	11,8	4,0
Басқа	-	-	1,6	-	3,4	-
Жауап беруге қиналамын/жауап жоқ	3,3	4,0	1,4	-	5,0	1,8

* сомасы 100% тең емес, себебі респонденттер жауаптың бірнеше нұсқаларын атап өтті

Бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы ынтымақтастық шеңберінде респонденттер негізінен түркі тілдес елдердің теледидар арналарына қолжетімділікті арттыру қажеттігін көрсетті. Сұралғандар сондай-ақ бірлескен телебағдарламаларды, арнаны құру қажеттігін атап өтті.

6-кесте. Атап айтқанда, бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ) саласында біздің еліміз бен басқа да түркі елдері арасында нақты нені дамыту қажет?

	Әзірбайжан	Қазақстан	Қырғызстан	Түркіменстан	Түркия	Өзбекстан
Түркі тілдес елдердің ТВ арналарының қолжетімділігін кеңейту	73,0	26,5	41,8	71,5	45,0	74,2
Бірлескен теле - / радиобағдарлар жасау	39,2	31,5	30,2	13,8	23,8	22,8
Теледидардың, газеттің, журналдың бірлескен арнасын құру	22,6	17,1	24,8	2,3	28,4	10,6

	Әзірбайжан	Қазақстан	Қырғызстан	Түркіменстан	Түркия	Өзбекстан
Түркі тілдес елдердің газеттерін, мерзімді басылымдарын тарату	12,4	13,1	9,0	12,5	15,0	1,4
Қызықты емес	5,6	-	-	-	-	-
Басқа	-	-	2,2	-	2,8	2,8
Ештеңе	-	1,3	-	-	6,2	-
Жауап беруге қиналамын	-	14,1	3,2	-	-	0,8

* сомасы 100% тең емес, себебі респонденттер жауаптың бірнеше нұсқаларын атап өтті

Спорт респонденттер үшін маңызды біріктіруші фактор болып табылады. Осылайша, сұралғандар осы саладағы ынтымақтастықтың мынадай түрлерін атап көрсетеді (толығырақ 7-кестені қараңыз):

- түркі тілдес елдердің жарыстарын, ойындарын, спартакиадаларын өткізу;
- ірі спорттық іс-шараларға бірлесіп қатысу;
- ұлттық спорт түрлерін бірлесіп дамыту;
- түркітілдес елдерден жаттықтырушылар мен командаларды тарту;
- жаттығу жиындары үшін спорт базаларын ұйымдастыру;
- бірлескен спорт мектептерін құру.

Алты астананың респонденттері **ұлттық спорт түрлерін бірлесіп дамыту** қажеттігін көрсеткенін атап өткен жөн. Бұл елдер арасындағы қарым-қатынастарды дамытудың жаңа кезеңі үшін негіз бола алар еді және түркітілдес елдердің халқын жақындастыра алар еді.

7-кесте. Айтыңызшы, спорт саласында біздің ел мен түркі елдері арасында нақты нені дамыту керек?*

	Әзірбайжан	Қазақстан	Қырғызстан	Түркіменстан	Түркия	Өзбекстан
Түркі тілдес елдердің жарыстарын, ойындарын, спартакиадаларын өткізу	53,1	19,8	30,8	71,3	42,0	46,0
Ірі спорттық іс-шараларға бірлесіп қатысу	39,2	19,1	12,4	2,3	18,0	18,8

	Әзірбайжан	Қазақстан	Қырғызстан	Түркіменстан	Түркия	Өзбекстан
Ұлттық спорт түрлерін бірлесіп дамыту	38,4	9,4	27,6	7,8	23,4	17,8
Түркі тілдес елдерден жаттықтырушылар мен командаларды тарту	36,8	3,0	5,6	-	11,8	2,0
Жаттығу жиындары үшін спорт базаларын ұйымдастыру	31,2	15,1	12,8	8,0	8,4	9,0
Бірлескен спорт мектептерін құру	29,6	16,4	15,0	-	15,8	11,2
Басқа	0,4	-	2,6	-	4,8	-
Жауап беруге қиналамын/жауап жоқ	9,6	-	1,6	-	6,4	-

* сомасы 100% тең емес, себебі респонденттер жауаптың бірнеше нұсқаларын атап өтті

Сонымен, сауалнаманың осы бөлігінде респонденттер ынтымақтастық үшін жиырмадан астам бағыттарды атады, олардың көпшілігі ғылым, білім беру, экономика, қаржы, сауда, туризм және спорт саласындағы ынтымақтастықты жақтады (3-суретті қараңыз).

ӘЗІРБАЙЖАН	ҚАЗАҚСТАН	ҚЫРҒЫЗСТАН	ТҮРКІМЕНСТАН	ТҮРКИЯ	ӨЗБЕКСТАН
20 бағыт	20 бағыт	10 бағыт	5 бағыт	7 бағыт	7 бағыт
<ul style="list-style-type: none"> Туризм Экономика, қаржы Сауда Медицина Ғылым 	<ul style="list-style-type: none"> Туризм Экономика, қаржы Сауда Спорт Технология 	<ul style="list-style-type: none"> Туризм Экономика, қаржы Сауда Медицина Білім 	<ul style="list-style-type: none"> Туризм Экономика, қаржы Сауда Спорт 	<ul style="list-style-type: none"> Білім Экономика, қаржы Саяси ынтымақтастық Спорт Әскери ынтымақтастық 	<ul style="list-style-type: none"> Туризм Шекараға қатысты сұрақтар Сауда Дәстүрлер Мәдениет

3-сурет. Қалай ойлайсыз, түркі тілдес елдер ынтымақтастығын тағы да қандай бағытта дамыту қажет?

Енді алты елдің тұрғындары түркі тілдес елдерге баруға қаншалықты дайын екенін көрейік. Елдер арасындағы кез келген ұтқырлық халықтың тікелей қызығушылығын көрсетеді және экономикалық және гуманитарлық байланыстарды нығайтуға ықпал етеді.

Сауалнамаға қатысушылардың көпшілігі барлық түркітілдес елдерді келуге қалаған ретінде көрсететінін атап өткен жөн (4-сурет). Бұл, әрине, түркітілдес әлем елдерінің жағымды қабылдауын көрсетеді. Бұл ретте **Түркия мен Қазақстан** бару үшін елдердің таңдауы бойынша бірінші орында тұр. Анкара тұрғындары үшін бірінші таңдалған ел - **Әзірбайжан**. Ал қазақстандықтардың өздері көрнекті жерлерге бару үшін түркітілдес елдерді аса таңдамайды (қалаушылар пайызы өте аз).

Назар аударарлық орындар арасында респонденттер көрсетті:

- **Әзірбайжанда:** *Қыз мұнарасы; Гобустан; Ширванишах сарайы;*
- **Қазақстанда:** *«Медеу» мұз айдыны; Түркістан, Тараз қалалары; «Тамғалы Тас» шатқалы; Қожжа Ахмет Яссауи кесенесі;*
- **Қырғызстанда:** *Ыстықкөл көлі; Арсланбаб; Сулайман-Тоо;*
- **Түркіменстанда:** *Ташауз; Конне-Ургенч; Ежелгі Мерв;*
- **Түркияда:** *Босфор; Ақсарай; Долмабахче; Топкапы; Каппадокия; Қыз Күлеси; Мұрат Паши мешіті; Сұлтан Ахмет мешіті; Галатасай аралы; Ханзада аралдары; Таксим; Гюльхан паркі; Чанаккале; Айа София Храмы және т. б.;*
- **Өзбекстанда:** *Бұхара, Самарқанд, Көканд қалалары; Регистан алаңы; Фергана; Хазрат Дауд үңгірі.*

ӘЗІРБАЙЖАН	ҚАЗАҚСТАН	ҚЫРҒЫЗСТАН	ТҮРКІМЕНСТАН	ТҮРКИЯ	ӨЗБЕКСТАН
53 орын	11 орын	24 орын	3 орын	6 орын	9 орын
<ul style="list-style-type: none"> • Түркия (70,8) • Өзбекстан (10,8) • Қазақстан (7,0) • Түркіменстан (1,8) • Қырғызстан (0,8) 	<ul style="list-style-type: none"> • Түркия (4,6) • Қырғызстан (1,3) • Түркіменстан (0,7) • Өзбекстан (0,7) • Әзірбайжан (0,5) 	<ul style="list-style-type: none"> • Түркия (40,4) • Өзбекстан (14,6) • Қазақстан (9,6) • Әзірбайжан (6,8) • Түркіменстан (3,8) 	<ul style="list-style-type: none"> • Түркия (37,0) • Қазақстан (9,3) • Өзбекстан (5,5) • Әзірбайжан (5,0) 	<ul style="list-style-type: none"> • Әзірбайжан (21,4) • Қырғызстан (19,8) • Түркіменстан (17,0) • Өзбекстан (11,4) • Қазақстан (10,6) 	<ul style="list-style-type: none"> • Түркия (12,4) • Қазақстан (18,2) • Қырғызстан (17,6) • Түркіменстан (0,2)

4-сурет. Егер сізде өз еліңізден басқа, түркітілдес елдегі көрікті жерлерге бару мүмкіндігі болса, онда сіз нақты қайда барар едіңіз?

Одан кейін респонденттерге түркі әлемі елдерінде қызмет ететін ұйымдар туралы қаншалықты хабардар екендігі туралы сұрақтар қойылды. Сауалнама нәтижесі бойынша келесі қорытындыларды жасауға болады. Бірқатар ұйымдардың қызметімен респонденттердің 9,2%-дан 66,7%-ға дейіні таныс болды (5-сурет). Зерттелетін алты елдің елордалық тұрғындары қандай ұйымдар туралы біледі:


- **Түркі кеңесі:** 27% әзірбайжандар, 45,3% қазақстандықтар, 39,8% қырғызстандықтар, 10,7% түркіменстандықтар, 25,6% түріктер;

- **ТҮРКІСОЙ:** 40,4% әзірбайжандар, 39,3% қазақстандықтар, 49% қырғызстандықтар, 66,7% түркіменстандықтар, 29% түріктер;

- **TURKPA:** 22,6% әзірбайжандар, 37,9% қазақстандықтар, 32,8% қырғызстандықтар, 9,2% түркіменстандықтар, 23,6% түріктер;

- **Халықаралық Түркі академиясы:** 13,4% әзірбайжандықтар, 38,3% қазақстандықтар, 36% қырғызстандықтар, 10,7% түркіменстандықтар, 29% түріктер;


- **МИРАС мәдени мұрасы:** әзірбайжандықтардың 15,6%-ы, қазақстандықтардың 36,9%-ы, қырғызстандықтардың 34,2%-ы, түркіменстандықтардың 19,2%-ы, түріктердің 26%-ы.



5-сурет. Сіз келесі ұйымдардың қызметі туралы білесіз бе?


Жібек жолының Экономикалық Белдеуінің жобасы туралы мәселе зерттелетін алты елдің халқы елдер арасындағы экономикалық және гуманитарлық байланыстарды орнату үшін мемлекеттер іске қосқан процестер туралы қаншалықты хабардар екенін түсіну үшін аса маңызды емес. Бұл жерде Қазақстан мен Қырғызстан да Түркия сияқты осы жоба туралы халықты хабардар ету жағынан айтарлықтай артта қалып отыр. «Жібек жолының Экономикалық Белдеуі» жобасы (ЖЖЭБ) – көбінесе Түркіменстаннан (93,3%), Әзірбайжаннан (59,2%) және Өзбекстаннан (58,6%) респонденттерге белгілі. Қырғызстаннан (45,2%), Қазақстаннан (39,6%), Түркиядан (32,4%) респонденттер ол туралы біршама аз біледі (6 суретті қараңыз).

Осы бастамамен таныс адамдар оны оң бағалайды. Айта кету керек, бұл жобаның теріс бағасы жоқ, барлық елдер оны негізінен оң қабылдайды. Түркияда сұралғандардың 6,8%-ы ғана ол туралы теріс жауап береді (7-суретті қараңыз).



6-сурет. «Жібек жолының экономикалық белдеуі» бастамасы туралы білесіз бе? (%)

Ел халқын ақпараттандырудағы жіктеуді, бірінші кезекте әрбір елде жергілікті теледидар арқылы көрсетілетіндігімен түсіндіруге болады. Респонденттердің айтуынша, ЖЖЭБ туралы ақпараттың негізгі көзі жергілікті теледидар арналары болып табылады. Осылайша, Өзбекстанда сауалнамаға қатысқандардың 92%-ы жергілікті телеарналардан ЖЖЭБ туралы ақпарат алады, Әзірбайжанда мұндай 85,5%-ы, Қазақстанда 70,3%-ы. Қырғызстан, Түркия және Түркіменстанда мұндайлар 50%-ға жуық (8-кесте).



7-сурет. Егер сіз «Жібек жолының экономикалық белдеуі» жобасы туралы білсеңіз, оған жалпы қалай қарайсыз? (%) (бұл сұраққа «Жібек жолының экономикалық белдеуі» бастамасы туралы білетін респонденттер ғана жауап береді).

8-кесте. «Жібек жолының экономикалық белдеуі» туралы ақпаратты қандай көздерден аласыз? (%) (бұл сұраққа «Жібек жолының экономикалық белдеуі» бастамасы туралы білетін респонденттер ғана жауап береді).

	Әзірбайжан	Қазақстан	Қырғызстан	Түркіменстан	Түркия	Өзбекстан
Жергілікті теледидар арналары	85,5	70,3	52,2	49,9	48,8	91,8
Жергілікті интернет сайттары	45,9	14,4	29,2	-	21,0	1,0
Түркі тілдес елдердің теледидар арналары	31,4	10,2	2,7	-	9,9	0,7
Жергілікті радиостанциялар	8,1	15,3	1,3	-	7,4	1,4
Басқа шетелдік интернет сайттар	14,9	5,9	5,3	46,1	11,1	1,0
Басқа шетелдік теледидар арналары	10,5	5,9	5,3	3,8	9,9	14,0
Жергілікті газеттер	8,8	11,9	5,8	-	17,3	3,8
Туыстары, достары	9,1	11,9	2,7	-	8,0	6,1

* Сомасы 100% тең емес, себебі респонденттер жауаптың бірнеше нұсқаларын атап өтті

Негізгі қорытындылар

2017 жылдың соңында өткізілген «Түркібарометрдің» бірінші толқынының нәтижелері түркі тілдес елдер – Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Түркіменстан, Түркия және Өзбекстан елдер арасындағы гуманитарлық және экономикалық ынтымақтастықты

кеңейтуге дайын, түркі тілдес елдер арасындағы өзара іс-қимылдың әлеуетті дамуы үшін оң пікір білдірді.

Экономикалық ынтымақтастық форматында екі ел – Қазақстан мен Түркия инвестициялар мен капитал ағыны, бірлескен кәсіпорындар құру, филиалдар ашу үшін тарту орталықтары ретінде қалыптасты.

Сондай-ақ, ғылыми ынтымақтастық аясында Қазақстан мен Түркия Түркі тілдес елдер үшін орталық болып табылады. Сондай-ақ, Әзірбайжан мен Түркия, Әзірбайжан мен Өзбекстан, Қазақстан мен Өзбекстан, Қазақстан мен Түркіменстан, Қазақстан мен Түркия, Қырғызстан мен Түркіменстан, Түркия мен Қазақстан арасында бірлескен жобалар мен зерттеулер жүргізуде екі жақты мүдделілік білдірілді.

Бірқатар бағыттар (ғылым, білім, мәдениет, әдебиет, өнер, БАҚ, спорт) бойынша ынтымақтастық нысандарына қатысты мәселелерде респонденттер қолдау көрсетті. Сондай-ақ, Түркітілдес әлем елдерінің, соның ішінде туризм, әскери ынтымақтастық, медицина және т. б. ынтымақтастығын одан әрі дамыту үшін жиырмадан астам бағыт айқындалды.

Туризм - елдер туралы көбірек білуге мүмкіндік беретін, мәдени байланыстарды нығайтып, гуманитарлық әлеуетті арттыруда маңызды бағыттардың бірі. Алты түркі тілдес елдің астаналарының азаматтарына жүргізілген сауалнама нәтижесі бойынша туризм халықаралық қатынастарды дамыту үшін басым бағыттардың бірі болып табылатынын көреміз. Респонденттер елдердің негізгі көрікті жерлері туралы хабардар, маңызды тарихи орындарға барғылары келеді. Көп жағдайда Түркия сауалнамаға қатысушылар үшін саяхат үшін тартымды болып табылады. БҰҰ (UNWTO)¹, Дүниежүзілік туристік ұйымының мәліметтері бойынша, Түркия 2017 жылы туристердің келуі бойынша әлемде алтыншы орынға ие болды. Елге 39,9 миллион шетелдік туристер келді.

Респонденттер негізгі халықаралық институттардың: **Түркі кеңесі, ТҮРКСОЙ, TURKPA, Халықаралық Түркі академиясы, МИРАС мәдени мұрасы** туралы хабардар екендіктерін білдірді.

Жібек жолының Экономикалық Белдеуі - көпжақты қарым-қатынасты қалыптастыру үшін маңызды интеграциялық жоба, респонденттерге таныс және олар оң бағаланады. Негізінен, респонденттер жоба туралы ақпаратты дәстүрлі негізгі ақпарат көздері болып табылатын жергілікті теледидар арналарынан алады.

1 <http://www.trt.net.tr/russian/ekonomika/2018/02/23/turtsia-stala-6-oi-v-mirie-stranoi-po-posieshchaiemosti-turistami-916885> (24 05 2018 қолжетімділік)

Дастан Көшербаев

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы Орталық Азия өңіріндегі этносаралық және конфессияаралық қатынастарды зерттеу орталығының жетекшісінің орынбасары, саяси ғылымдарының кандидаты

**ЖОҒАРЫ БІЛІМ ҚЫТАЙДЫҢ «ЖҰМСАҚ КҮШІНІҢ»
ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ**

Аңдатпа. Мақалада автор жоғары білім «жұмсақ күштің» негізінің құрамдас элементі ретінде қарастырылады. Мемлекеттің оң имиджін қалыптастыру құралы ретінде ғана емес, сонымен қатар осы елдің аймақтағы және жалпы әлемдегі экономикалық-саяси рөліне ықпал ететін фактор ретінде қарастырылады. «Жұмсақ күш» тұжырымдамасы аясында білім беру «өзге» шет елдерге «өздерінің» мәдени және рухани құндылықтарын насихаттау және жылжыту бойынша тиімді құралдардың бірі болып табылады деген ой ұсынылады.

Түйін сөздер: күш, Конфуций институты, сыртқы саясат, білім миграциясы.

Дастан Кошербаев
ВЫСШЕЕ ОБРАЗОВАНИЕ КАК ИНСТРУМЕНТ «МЯГКОЙ СИЛЫ» КИТАЯ

Аннотация. В представленной статье высшее образование рассматривается автором как составной элемент основы «мягкой силы», в качестве не только инструмента для формирования положительного имиджа государства, но и фактора, оказывающего влияние на экономико-политическую роль данной страны в регионе и в целом в мире. Предложена мысль о том, что в рамках концепции «мягкой силы» образование является одним из эффективных инструментов по пропаганде и продвижению «своих» культурных и духовных ценностей «иным» зарубежным странам.

Ключевые слова: мягкая сила, Институт Конфуция, внешняя политика, образовательная миграция.

Dastan Kosherbayev
HIGHER EDUCATION AS A TOOL OF CHINA'S «SOFT POWER»

Abstract. In this article, higher education is considered as an integral part of the basis of soft power, not only as a tool for the formation of a positive image of the state, but also a factor influencing the economic and political role of this country in the region and globally. The idea is suggested that within the framework of the concept of «soft power» education is one of the effective tools to promote and advance «their» cultural and spiritual values to «other» foreign countries.

Keywords: *Soft Power, Confucius Institute, Foreign Policy, Educational Migration.*

Кіріспе

Қазақстан Республикасымен шектескен мемлекеттердің ішінде Қытай Халық Республикасы экономикалық тұрғыдан әлемді мойындатқан мемлекет. Ежелден көршілес мемлекетпен ортақ шекарамыздың ұзындығы 1700 шақырымды құрайды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап екі ел арасында саяси, экономикалық, мәдени-ғылыми байланыстар қарқынды даму үстінде. Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаев атап өткендей «Тәуелсіздік жылдары Қытай Қазақстанға 20 миллиард долларға жуық инвестиция салды». Және «Қытай – Қазақстанның сыртқы сауда және экономика саласындағы аса ірі серіктестерінің бірі» екендігіне баса назар аударды.

Қытай әлемді бес мың жылдық тарихымен ғана емес, сонымен қатар, экономикалық және әскери қарқынымен таңқалдыруда. Әсіресе Дэн Сяопинның «сыртқа есік ашу» реформасынан бастау алған Қытайдың күшейуі тек іргелес жатқан елдерден бөлек, мұхиттың арғы бетінде жатқан елдердің үрейін туғызуда. Сонымен қатар, қаржылық ықпалын тиімді пайдалану арқылы ғана емес, жоғары білім жүйесін бәсекеге қабілетті және өзгелерге тартымды ете алуының арқасында халықаралық қатынастарда жетекші ойыншыға айналып отыр.

Негізгі бөлім

Өткен ғасырдың 90-жылдарынан бастап саяси терминологияға «жұмсақ күш» ұғымы енді. Гарвард университетінің профессоры Джозеф Най өзінің 1990 жылы жарық көрген «Bound to Lead: The Changing Nature of American Power» атты еңбегінде «жұмсақ күш» терминін алғаш рет айналымға енгізді. Бүгінгі таңда бүкіл дерлік мемлекеттер өздерінің сыртқы саясатында «жұмсақ күш» тұжырымдамасын басшылыққа ала отырып қадамдар жасауда.

Бес мың жылдық тарихы бар Қытай үшін «жұмсақ күш» саясатын жаңа тың дүние емес. Қытай өзінің даму тарихында «жұмсақ күш» саясаты шекаралас елдерге қатысты жақсы қолдана білген. Бүгін де, «Жылы шырай дипломатия», «Жариялық дипломатия», «Татукөршілік дипломатия» секілді жаңа саяси бастамалардың арқасында Қытай әлемдік экономикада үстемдікке ие болып қана қоймай, аймақтық көшбасшыға айналып отыр.

Бүгінгі экономикалық бақталастық заманында «жұмсақ күш» саясатының тиімділігін арттыруда білім беру жүйесінің ролі зор екендігін түсінген Қытай әлемдік білім беру жүйесінде көш керуен алда келе жатқан елдердің тәжірибиесі саралай отырып, оқу жүйесінде байыпты өзгерістер жасаған болатын. Байыпты реформалардың арқасында Қытайдың жоғары оқу орындары ел экономикасын жаңа деңгейге көтеруге және бүкіл білім беру жүйесінің жаңаруына ұйытқы болды.

Мәліметтерге сүйенсек 2014 жылы әлемнің 203 мемлекетінен 377 054 шетелдік жастар Қытайда білім алса, 2018 жылдың басында олардың қатары 196 мемлекеттен келген 492 185 шетелдік студенттермен толыққан (1-кесте). Аталмыш студенттердің 12,81% (63 041) Қытай үкіметінің қаржыландырумен білім алуда [1].

1-кесте. Елдер бойынша Қытайда білім алушы шетелдік студенттердің саны

№	Елдер	Саны
1	Оңтүстік Корея	50600
2	Таиланд	28608
3	Пәкістан	28023
4	Үндістан	23198
5	АҚШ	20996

Әлем жастарын Қытай университеттері жоғары білім сапасы мен қатар халықаралық рейтингтерге кіруімен қызықтыруда. Мәселен,

Қытайдың 38 университеті «QS ranking» әлемдік рейтингісінде жайғасса, 44-і жоғарғы оқу орының топ-500 кіреді [2]. Және де Қытай үкіметі тарапынан қаржыландыру жақсы жолға қойылған. Мұның үстіне Қытай ЖОО-да зерттеу жұмыстары жасалады, бұл болашағы зор студенттер мен аспиранттарды өз экономикасына жана технологиялар мен идеялардың келуіне жол ашады. Мәселен, 2018 жылы шетелдік студенттердің 25 618 докторантураға, 59 444 магистратураға түскен [1].

Қытай өзінің білім жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру арқылы өзге елдермен мәдени алмасу мен өзара ынтымақтастық қатынастарды қалыптастыруға және оны одан әрі тереңдете түсуде пайдалануда. Әсіресе көршілес елдермен ынтымақтастық саясатын дамытуда қолданылуда.

Қазақстандық жастардың да Қытайда білім алуға деген құштарлығы жыл санап артуда. Әсіресе соңғы он жылда бұл үдеріс күшейе түсуде. Егер 2010 жылы Қытайда 7 874 қазақстандық жастар білім алса [3], 2014 жылы 11 764 студентті құрады [4]. Ал 2018 жылдың мамыр айында, ҚР жоғары оқу орындарының қауымдастығының төрағасы Р.А. Алшановтың мәлімдеуінше, ҚХР ЖОО-да 17 600 қазақстандық студент білім алууда [5].

Тіптен Орталық Азия елдерінің басым көпшілік жастары эмиграция елі ретінде Қытайды таңдаған (2-кесте). Қазақстан жастары үшін негізгі бестікке кіретін елдер: Ресей (54,7%), Еуропа елдері (12,3%), АҚШ (9,4%) және Канада мен Қытай (3,8%).

2-кесте. Орталық Азия елдері жастарының қайда көшуді жоспарлайсыз деген сұраққа жауабы [7].

№	Жауап нұсқалары	Қазақстан	Қырғызстан	Тажікстан	Өзбекстан
1	Ресей	54,7	41,8	64,4	32,3
2	Қытай	3,8	3,5	-	1,5
3	АҚШ	9,4	22,7	6,7	13,8
4	Канада	3,8	1,4	5,6	-
5	Еуропа елдері	12,3	10,6	738	15,4
6	Түркия	2,8	3,5	2,2	3,1
7	Оңтүстік Корея	1,9	2,8	2,2	6,2
8	Австралия	0,9	-	-	-
9	Сингапур	0,9	-	-	-
10	Пәкістан	-	0,7	-	-
11	ТМД елдері	-	2,1	-	-
12	БАӘ	-	3,5	1,1	7,7
13	Қазақстан	-	4,3	2,2	18,5

№	Жауап нұсқалары	Қазақстан	Қырғызстан	Тажікстан	Өзбекстан
14	Бангладеш	-	-	-	1,5
15	Англия	-	-	1,1	-
16	Иран	-	-	1,1	-
	Жауап беруге қиналамын/Жауап жоқ	9,4	3,1	5,6	
		100	100	100	100

Жастардың елден кетулерінің себептерінің негізгілерінің бірі ретінде білім алуды атаған (3-кесте). Байқайтынымыз, бүгінгі бәсеке заманында ғылым мен техниканы жетілдірмей қатарға қосылу, шын мәнінде тәуелсіз ел болу мүмкін емес. Ғылым адамзат өмірінің ең шешуші факторына айналды. Бүгінгі күні елдің шаруашылығын, мәдениетін, оның қорғаныс қабілетін жан-жақты дамыған ғылым ғана қамтамасыз ете алады. Ғылым мен жоғары білім жүйемізді жетілдірмей адами капиталымызды қалыптастыра алмаймыз.

Есімі әлемге әйгілі испандық философ және мәдениеттанушы Х. Ортега-и-Гассет «Миссия университета» еңбегінде университет интеллектуалды элитаны тәрбиелеу орталығы дейді. Яғни жоғары оқу орындар ұлттың интеллектуалды элитасын қалыптастыратын бірден-бір негізгі көз.

3-кесте. Орталық Азия елдері жастарының елден көшу себептері [6].

№	Жауап нұсқалары	Қазақстан	Қырғызстан	Тажікстан	Өзбекстан
1	Материалдық себептері	10,4	41,1	21,1	18,5
2	Қауіпсіздік	3,8	2,1	1,1	-
3	Өмір сапасы	29,2	44,7	28,9	7,7
4	Жеке себептері	32,1	12,8	16,7	36,9
5	Білім беру	14,2	9,9	24,4	26,2
6	Мансап	19,8	5,7	7,8	26,2
7	Нашар экология	0,9	-	-	-
8	Межэтникалық жанжалдар	1,9	-	-	-
9	Туризм, саяхат	-	-	2,2	-
10	Жауап беруге қиналамын/Жауап жоқ	2,8	-	2,2	6,2
		100	100	100	100

Қытай аймақтық экономикадағы үстемділігі мен ықпалын сақтап қалуда және Орталық Азия елдерінде кеңдеп етек алған «синофобиямен» күресте «жұмсақ күш» құралы ретінде Конфуций институттарын кеңдеп қолдануда.

Конфуций институттарының басты мақсаты – Қытайдың мәдениеті мен құндылықтарын тарату, қытай тілін шетелдерде насихаттау және әлемде қытайға қатысты жағымды пікірді қалыптастыру.

1987 жылы ҚХР үкіметі қытай тілі мен мәдениетін әлемге таратумен және ұйымдастырумен айналысатын «Hanban» мемлекеттік Кеңсесін құрады. Осы мекеме аясында Конфуций институты алғаш рет 2004 жылы Оңтүстік Кореяның астанасы Сеул қаласында ашылған болатын. Ал 2017 жылдың қыркүйек айында әлемнің 142 мемлекетінде 516 Конфуций институты мен 1 076 Конфуций сыныптары ашылған. Жалпы тыңдаушыларының саны 7 млн. адамды құраған [7].

Орталық Азия елдерінде оннан астам Конфуций институттары мен Конфуций сыныптары жұмыс жасайды. Бүгінгі күннің өзінде Қазақстанда университеттер жанынан ашылған бес Конфуций институттары жұмыс жасайды. Олар Л.Н. Гумилов атындағы Евразия ұлттық университеті, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті мен Абылай хан атындағы халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институты, Қарағанды Мемлекеттік техникалық университеті. Бұдан бөлек жоғары оқу орындарында қытай тілінің мамандары мен шет тілі ретінде қосымша оқытылуда.

Жыл санап қытай тілін үйренуге деген қажеттілік арта түсері сөзсіз. Бұған «Белдеу және жол» жобасы да өзіндік ықпалын тигізуде. «Белдеу және жол» жобасына әлемнің 69 елі қатысатын, яғни әлем тұрғындарының 70 пайызын қамтыған қаржы көлемі \$4 триллион құрайтын мегажоба. Яғни, Қытай мен Қазақстан арасындағы сауда-экономикалық қатынастардың одан әрі дами түсетіні анық. Бұл дегеніміз «Белдеу және жол» бойында өндіріс, сауда, қызмет көрсету саласы рөлінің арта түсуіне байланысты сапалы мамандарға деген сұранысты арттыра түседі. Қазақстан мен Қытай арасындағы экономикалық, саяси және мәдени байланыстар тығыз бола түседі.

Қорытындылар

Аз уақыттың ішінде Қытай ғылым мен білімді импорттаушы елден жаңашыл ғылыми технологияларды экспорттаушы елге айналды. Сол себепті де «Қытай қаупі» әлі де көптеген елдерге маза бермеуде. Бұл бірқатар елдерде Конфуций институттары мен Конфуций сыныптарының жұмысын «Қытай идеологиясын итермелегені» үшін деген айыппен шектеуге немесе жабуға дейін әкелді. Мәселен, АҚШ, Ресей, Швеция және т.б. мемлекеттер ұлттық

қауіпсіздіктерін қорғау саясаты деген желеумен Қытайдың ғылыми технологиялық экспансиясына тосқауыл қоймақ. Соған қарамастан Қытай Халық Республикасы «жұмсақ күш» қолдану стратегиясын әрі өрбітуде. Экономикалық және саяси тұрғыдан Қытай күшейген сайын – әлемдік ықпалы арта түсетіні сөзсіз.

Осы тұста жастарымызды, жалпы қоғамды Қытайдың мәдени ықпалынан қорғаудағы және тең саяси әріптестік құрудағы басты құрал – адам капиталды дамыту. Адами капиталдың дамуы – Қазақстан үшін стратегиялық міндетке айналуы керек. Бәсекеге қабілетті жоғары білім жүйемізді бүгінгі заман талаптарына сай жасақтасақ, ХХІ ғасырдың сын-қатерлеріне төтеп бере алатын және елінің мақсат-мүддесін алдыңғы орынға қоятын патриоттарды тәрбиелей аламыз. Тек, сонда ғана өзінің дербес ұлттық рухы, мәдениеті, тарихы, санасы дамып жетілген өркениетті ұлт есебінде жалпы адамзаттың ұлы көшіне ілесіп, басқа мемлекеттермен терезесі тең мемлекет ретінде иық тірестіре аламыз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Statistical report on international students in China for 2018 // http://en.moe.gov.cn/news/press_releases/201904/t20190418_378586.html
2. «Учите китайский — почему образование в Поднебесной в приоритете». // https://www.inform.kz/ru/uchite-kitayskiy-pochemu-obrazovanie-v-podnebesnoy-v-prioritete_a3322844
3. Win-win for China and Kazakhstan // http://www.china.org.cn/opinion/2012-02/27/content_24743753.htm
4. Statistics of Foreign Students in China (2014) // http://www.moe.gov.cn/jyb_xwfb/gzdt/s5987/201503/t20150318_186395.html
5. «Сколько казахстанских студентов учится за границей» // <http://today.kz/news/kazakhstan/2018-05-03/765342-skolko-kazhastanskih-studentov-uchitsya-za-granitsej/>
6. Молодежь Центральной Азии. Сравнительный обзор. Под научным руководством проф. Клауса Хурельмана и Пэра Тешендорфа (Германия, Берлин). Алматы, 2017. - 90 с // <http://library.fes.de/pdf-files/bueros/kasachstan/14109.pdf> (С.47-48)
7. 516 Институтов Конфуция созданы в 142 странах мира // http://russian.news.cn/2017-09/30/c_136650568.htm

Жанбол Жылбаев¹, Толқын Бәлкен², Манара Адамова³

¹ *Б. Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясының президенті, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор*

² *Б. Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясы, үштілді білім беруді дамыту орталығының аға ғылыми қызметкері, педагогика ғылымдарының магистрі*

³ *Б. Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясы, орта білім беруді дамыту орталығының директоры, физика пәнінің жоғары санатты мұғалімі*

ӘЛЕМДІК ЗАМАНАУИ ҮДЕРІСТЕРДІҢ ОРТА БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНЕ ӘСЕРІ

Аңдатпа. Әлемдік деңгейдегі заманауи үдерістердің отандық білім беру саласына әсері қоғамды алаңдатады. Қоғамның ең басты байлығы адами капиталды қалыптастырудағы заманауи және сапалы білім берудің орыны ерекше екені белгілі. Бұл бағытта орта білім беру жүйесінде жүзеге асырылып жатқан білім мазмұнын жаңарту, білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау мен бағалау тәсілдерін өзгерту, жалпы білім беретін мектептердегі инклюзивті оқыту және т.б. шаралар қазіргі қоғам үшін маңызды мәселелердің қатарына кіреді.

Түйін сөздер: *Білім беру, орта білім беру жүйесі, білім мазмұнын жаңарту, білім берудегі қолжетімділік, инклюзивті білім беру*

Жанбол Жылбаев, Толқын Бәлкен, Манара Адамова ВЛИЯНИЕ СОВРЕМЕННЫХ ТЕНДЕНЦИЙ НА ОТЕЧЕСТВЕННУЮ СИСТЕМУ СРЕДНЕГО ОБРАЗОВАНИЯ

Аннотация. Влияние современных мировых тенденций на отечественную систему образования вызывает озабоченность общественности. Как известно, современное и качественное образование играет ведущую роль в процессе формирования

человеческого капитала, являющегося главным богатством любого общества. Также для развития современного общества имеет важное значение реализация таких процессов в системе среднего образования, как обновление содержания образования, изменение подходов к контролю и оценке учебных достижений обучающихся, инклюзивное обучение в общеобразовательных школах и другие.

Ключевые слова: *Образование, система среднего образования, обновление содержания образования, доступность образования, инклюзивное образование*

Zhanbol Zhylbayev, Tolkyn Balken, Manara Adamova
CONTEMPORARY GLOBAL PROCESSES IMPACT ON
SECONDARY EDUCATION

Abstract. The impact of modern world trends on the domestic education system is of concern to the public. As is known, modern and high-quality education plays a leading role in the formation of human capital, which is the main wealth of any society. Also important for the development of modern society is the implementation of such processes in the secondary education system as updating the content of education, changing approaches to monitoring and evaluation of educational achievements of students, inclusive education in secondary schools and others.

Key words: *Education, Secondary Education System, Updating the Content of Education, Accessibility of Education, Inclusive Education*

Әлем елдерінің көпшілігі ұлттық білім беруді реформалаудың басым мақсаттарының бірі ретінде жалпы орта білім беруді жаңғырту қажеттілігін мойындады, өйткені жалпы білім беретін мектептің тиімділігі кез келген елдің даму дәрежесінің, оның әлеуметтік-экономикалық әлеуеті мен халықаралық беделінің маңызды көрсеткіші болып табылады. Заманауи мектеп білімі қазіргі қоғамның қажеттіліктеріне сай болуы тиіс. Адамдардың, әсіресе мектеп жасындағы білім алушылардың, шығармашылық әлеуетінің мүмкіндіктерін ашу арқылы қазіргі қоғамда туындап, саны жағынан күннен-күнге еселеніп келе жатқан мәселелердің шешімін табу жолдары қарастырылады.

Қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудің жаңа параметрлерін белгілеп, білімнің университеттік білімге дейінгі деңгейіне жаңа талаптар қояды және оқытудың дәстүрлі әдістерін түбегейлі қайта қарауды талап етеді. Қазіргі уақытта елімізде экономика мен қоғамдық өмірдің барлық салаларында орын тапқан түбегейлі өзгерістерге сай білім саласын жаңғыртуды жүзеге асыруда жалпы орта білім беру жүйесінің орны ерекше, оны жаңғырту ұлттық білім беруді реформалаудың басым мақсаттарының бірі болып табылады.

Көптеген отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері Қазақстанның білім беру жүйесін, оның ішінде орта білімнің даму тарихын зерттеуге арналған. Атап айтсақ, А.Е. Алекторов, А.В. Васильев, С.И. Граминицкий, Н.М. Бобровниковтардың еңбектері кеңес дәуіріне дейінгі кезенді зерттеуге арналса, К.Б. Бержанов, Г.К. Задорожный, О.Д. Мукаева, А.С. Сатдыков, А.И.Сембаев, Р.Б. Сүлейменов, Т.Т. Тәжібаев, Г.М. Храпченков, В.Г. Храпченковтардың еңбектері Қазақстан білім беру саласының Кеңес дәуірі кезеңінде дамуын және посткеңестік кезенді зерттеуге арналған [1].

Қазақстандағы жалпы орта білімнің дамуын үш кезеңге бөліп қарастыруға болады: революцияға дейінгі (1786 – 1917 жж.), Кеңес дәуірі (1917 – 1991 жж.) және посткеңестік (1991 жылдан қазіргі уақытқа дейін). Кезеңдердің жігін белгілеу критерийі қоғамдық идеалдың ауысуы болып табылады, оның негізін әлеуметтік-экономикалық, тарихи, саяси және әлеуметтік-мәдени өзгерістер динамикасының заңдылықтары құрайды [1].

Тарихи деректер бойынша қазақ даласындағы алғашқы зайырлы мектептердің пайда болуын орыс патшалығының қоныс аудару саясатымен, үкіметтік орыс-қазақ мектептерінің ашылуымен байланыстырады.

Зайырлы қазақ мектебінің тарихында ағартушы ғалым, өз заманының ұстазы, педагог Ы. Алтынсаринның өзіндік рөлі болғаны белгілі. Оның еңбектерін зерделеу Ы. Алтынсаринның техникалық, ауыл шаруашылық және әйелдер мектептерін ашудағы көтерген мәселелері дала өркениеті үшін маңызды болғанын көрсетеді. 1888 жылдан бастап Ырғыздағы әйелдер гимназиясына Ы.Алтынсаринның және жергілікті ұлт өкілдерінің ықпалы бойынша қазақ қыздарын қабылдап, оқыта бастаған. Ы. Алтынсарин екі кластық орыс-қазақ училищесі оқу процесінің жоспарын жасағанда, сол кездегі орталау дәрежедегі орыс мектептерінің оқу

бағдарламасын басшылыққа алған. Қыздар мектебінің оқу жүйесін де сол ізбен құрған, яғни мектепте әліппе, география, бөлшекке дейінгі арифметика, сызу, қысқаша орыс тарихы, жаратылыс тану сабақтары оқытылған. Мұнда қыздарды машинкамен іс тігу өнеріне де үйреткен. Қазақ даласындағы алғашқы кітапханалардың ашылуына да ағартушы ғалым Ы. Алтынсаринның ықпалы болғаны туралы деректер де кездеседі. 300 кітаптан құралған алғашқы кітапхана 1883 жылы Бірғыз қаласындағы мектеп жанында ашылып жұмыс жасай бастаған [2,3].

Революцияға дейінгі Қазақстанда білім беру мекемелерінің негізгі түрі бастауыш мектеп. Бұл мектептерде оқу мерзімі мен оқыту мазмұны әртүрлі болған. Ең көп тарағандары бір және екі сыныпты халық училищелері және қалалық училищелер болды.

Қазан төңкерісінен кейін республикада қысқа мерзімде сол уақыттың әлемдік стандарттарына сай болған білім беру инфрақұрылымы қалыптасты. Елімізде жалпы орта білім беру жүйесінің ары қарай қалыптасуы Кеңес өкіметі жағдайында жүргізіліп, кеңестік принциптерге сай мемлекеттік және қоғамдық сипатта болып, қолжетімділік, тегін, жалпыға бірдей, жоспарлылық принциптеріне негізделді.

Кеңестік білім беру жүйесінің бір бөлігі ретінде Қазақстандағы жалпы орта білімнің бірқатар кемшіліктері де болған. Атап айтсақ, ұлттық ерекшеліктің жоғалуы, формализм, оқу-тәрбие процесінің басымдықпен идеологиялануы. КСРО-ның ыдырауына байланысты ХХ ғасырдың 90-жылдарында Қазақстанда ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып, мектеп жүйесін қайта құру қажеттілігі туындады. Кеңестік дәуірден кейінгі кезеңде республиканың жалпы орта білім беру жүйесінде кең ауқымды реформалау басталды. Оның мақсаты кеңестік мектептің жетістіктерін сақтай отырып, білім беру жүйесін ары қарай дамыту үшін жағдай жасау. Қазіргі уақытта жалпы орта білім беру жүйесі елдегі үздіксіз білім беру жүйесінің негізгі буыны бола отырып, біртұтас, динамикалық, балаларды тәрбиелеу және оқытудың ұйымдастырылған жүйесі болып табылады.

Кеңестік дәуірден кейінгі кезең КСРО-ның ыдырауымен және осыған байланысты бірыңғай білім беру кеңістігінің тарай бастауымен сипатталады. 1992 жылдан бастап Тәуелсіз мемлекетте білім беру жүйесін одан әрі дамыту үшін қайта құру қажеттілігі туындады. Осы кезеңде жалпы орта білім беру жүйесінде инновациялық мектептердің, жеке мектептердің, гимназиялар мен лицейлердің дамуына байланысты елеулі өзгерістер болды.

Мектеп-кешендер, бейіндік мектептер, дарынды балаларға арналған мектептер, пәндерді тереңдетіп оқытатын мектептер, сондай-ақ қазақ-түрік лицейлері (қазір Білім инновация лицейлері), Haileybury, «Мирас», «Нұр Орда», Қазақстан-Америка мектептері сияқты мемлекетаралық деңгейде құрылған жаңа типтегі және жаңа үлгідегі мектептердің ашылуы арқылы орта білім беру мекемелерінің вариативтілігіне қол жеткізілді.

Орта білім беру жүйесінің қалыптасуына жаңа серпін әкелген «Назарбаев зияткерлік мектептері» әлемдік үздік тәжірибелерді орта білім беру саласына, жалпы білім беретін мектептерге енгізуде жетекші рөл атқарып келеді.

Орта білім беру жүйесін реформалау әлемдік педагогикалық тәжірибені игерумен қатар әлемдік білім беру кеңістігіне біртіндеп кіру мақсатын көздейді, оқыту мақсаттарына, мазмұнына, нысандары мен мерзімдеріне қатысты нақты өзгерістерді болжайды. Идеологиялық және әлеуметтік бағдарлардың ауысуы білім берудің жаңа парадигмасын іздестіруге себеп болды. Білім берудің жаңа парадигмасының негізінде адамның өзін-өзі дамыту, өмір бойы өзін-өзі жетілдіру және өзбетінше білім алу қабілеттеріне дағдыландыру сияқты өзін-өзі бағалау принципі жатыр. Соңғы уақытта қабылданған білім берудің мемлекеттік және өңірлік бағдарламалары мен тұжырымдамалары білім мазмұны мен оқытуды ұйымдастыру тәсілдерін өзгертуді талап ететін білім беру сапасын арттыру проблемасын шешуге, мектеп құрылымын өзгертуге, критериалды бағалау жүйесін енгізуге, мектеп пен білім беруді басқару органдарының өзара әрекеттесу жүйесін жетілдіруге бағытталған.

Білім беру саласындағы жаңа бағыттар мен тұжырымдамалардың пайда болуы жалпы орта білім беру жүйесінің базистік негіздеріне, әдіснамасына қатысты кең ауқымды өзгерістердің қажеттілігін көрсетті. Бұл өзгерістер «гуманистік парадигма» негізінде білім беру мазмұнының жүйелі өзгеруіне, жаңартудың логикалық-әдіснамалық негіздерін анықтауға, білім берудің жаңа философиясын әзірлеуге бағытталған. Қоғамдық сананы жаңғыртумен қатар жүріп жатқан ауқымды өзгерістер оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруға жаңа талаптар қояды, ондағы негізгі мәселе – жалпы адами, ұлттық құндылықтар мен көзқарастары қалыптасқан, қоғамның зияткерлік, шығармашылық күші ретінде тәрбиелеу арқылы, жастардың қазіргі заманда өз орнын анықтай отырып, келешекке саналы қадам жасауына ықпал ету.

Қазіргі заманауи мектептің алдында тұрған міндет – жаңа заман талаптарына қарай бейімделген, қоғамға деген азаматтық көзқарасы бар, отаншыл, халықтар арасындағы ынтымақтастық пен ұлттық құндылықтарды үйлесімді қадірлей алатын, мәдениет пен табиғаттың қорғаушысы, ашықтық пен демократияны терең түсінетін, ақпараттық және тілдік құзіреттіліктері жоғары дамыған, ойы мен білімі үнемі ізденісте болатын адамгершілігі мен тәрбиесі мол қоғам мүшесін қалыптастыру болып табылады.

Қазіргі уақытта орта білім беру жүйесінде жүзеге асырылып жатырған басты шаралардың бірі – білім мазмұнын жаңартудың басты көздеген мақсаты, бұл жас жеткіншектерге он бір жыл бойы білім мен ғылымның негіздерін үйрететін орта мектептің білім мазмұнын, оқу-тәрбие жұмысын заман талабына бейімдеу (1-сурет).



1-сурет. Білім беру мазмұнын жаңарту парадигмалары

Бұл бағытта Қазақстанның білім беру жүйесін қалыптастыруға тоқсан жылдан бері қызмет етіп келе жатырған Ы. Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясының тарапынан бірқатар іс-шаралар атқарылғанына тоқталып кетуге болады.

Бүгінгі күні 2016 жылы басталған орта білім мазмұнын жаңарту процесі аяқталып келеді. Назарбаев зияткерлік мектебінің тәжірибесін негізге ала отырып жүргізілген білім мазмұнын жаңарту аясында жалпы білім беретін орта мектептердегі оқу-тәрбие процесіне бірқатар жаңалықтар енгізілді.


Біріншіден, оқыту жүйесінде ұзақ жылдар бойы қалыптасып қалған «мұғалімнен – оқушыға» ұстанымына деген көзқарас өзгере бастады. Бұрынғы оқушы тек қана тыңдаушы, орындаушы болып келсе, қазір оқушының өздігінен ілім-білім іздейтін жеке тұлға екендігіне ерекше мән беріле бастады. Қазіргі орта білім беру жүйесі, мектептегі оқыту процесі мен білім мазмұны білім алушы - оқушының заман талабына сай сұранысын қамтамасыз етуге бағыттала бастады. Бұл «оқушыдан – мұғалімге – оқушыға» ұстанымында білім мазмұнының теориялық негіздерін іс-жүзінде қолдана білуге ерекше көңіл бөлінеді, оқушы өз алған білімінің кейін пайдаға асатынына, оны іс-жүзінде қолдана білетініне сенімді болуы қажет. Әрине, білім мазмұнын жаңартуда ғылым мен білімнің фундаменталдық негіздері өзгермейтіні белгілі, бірақ, мектеп курсына арналған пәннің мазмұны өзгереді, мысалы математика пәні бойынша енгізілетін өзгерістерде оқушының күнделікті өміріне, өмір сүру ортасына бейімделген қолданбалы бағыттағы тақырыптар мен есептер басымдыққа ие. Оқушының іс-әрекеттегі сауаттылығы (функциональная грамотность) басты назарда болады. Білім алушылардың жаратылыстану-математикалық сауаттылығын, қаржылық сауаттылығын және алған білімдерін практикада қолдану қабілетін бағалау үшін өткізілетін PISA және TIMSS халықаралық зерттеулерінің нәтижелері де есте сақтау мектебінен белсенді мектепке жылдам көшу қажеттілігін айқын көрсетіп отыр.

Осындай мәселелерге байланысты, білім беру стандарттарын, пәндер бойынша оқу бағдарламаларын жасауда көптеген жаңа әдіс-тәсілдерді қолдануға тура келді. Оқыту процесін ұйымдастыруда да жаңа тәсілдер қолданыла бастады. Оқушылардың коммуникациялық күзіреттіліктерін дамыту, өзара қарым-қатынасы, бір-бірімен араласа білуі, сыныптың, мектептің, ұжымның көлемінде ғана емес әртүрлі әлеуметтік топтарда өзін-өзі жоғалтып алмай еркін сезінуін қалыптастыру мақсатында топтық ұйымдастыру жұмыстары кеңінен қолданыла бастады. Оқушыларды сыныптағы отыру, жүріп-тұру тәртібінде де еркіндік пайда болды. Сабақ барысында мұғалім мен оқушы арасындағы кері байланысқа, яғни оқушының сұранысы, қажеттілігі, көңіл-күйі үнемі ескеріліп отыруға барынша назар аударылатын болды. Кері байланысты қамтамасыз ететін әдіс-тәсілдер мен құралдарды (смайликтер, жестикуляция және т.б.) кеңінен қолданыла бастады.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау мен бағалаудағы өзгерістер де біртіндеп жүзеге асып келе жатыр. Жалпы, отандық

білім беру жүйесінде ұзақ уақыт бойы қолданылып келген бес баллдық бағалау жүйесінің әлемдік білім кеңістігіне бейімделуде қаншалықты қолайлы екендігін бағалау күрделі мәселе. Бірақ, алғаш рет 2011 жылдан бастап енгізілген кредиттік оқыту жүйесі мен 100 баллдық бағалаудың тиімділігін жоғары оқу орындарында болашақ мамандарды даярлау процесі дәлелдеп отыр. Қазір бұл жүйе жоғары оқу орындарында академиялық ұтқырлықты, қосдипломды білім бағдарламаларын жүзеге асыруды қамтамасыз етіп отырғаны белгілі.

Орта білім беру жүйесіне енгізіліп отырған критериалды бағалаудың да ең басты мақсаты оқушының біліміндегі кемшін тұстарды дер кезінде анықтап жөндеп отыру және ол мұғалімнің көрсетуі бойынша емес, оқушының өз тарапынан болатын белсенді әрекетінің арқасында жүзеге асуы керек екенін тәжірибе көрсетіп отыр (2- сурет). Бұл бағытта қиындықтар да жоқ емес, қандай да болмасын қалыптасқан бағалау жүйесін өзгерту қай салада болмасын оңай шешілетін мәселе емес.



2-сурет. Критериалды бағалау жүйесінің қызметі

Қазіргі уақыттағы жағдай, білім беру процесіндегі қалыптастырушы (формативтік) және жиынтық (суммативтік) бағалаулардың өз мағынасында және тиімді қолданылуы бұл жүйені білім алушылар мен ата-аналардың, мұғалімдер мен білім беру саласындағы қызметкерлердің терең түсініп, жалпы қоғамның қабылдауына байланысты екендігін және ол үшін біршама уақыттың қажеттілігін байқатып отыр.

Қазақстанның білім беру жүйесіндегі аса маңызды мәселелердің бірі – орта білім алуға деген қолжетімділікті қамтамасыз ету.

XX ғасырдың 80 жылдарының соңы мүмкіндігі шектеулі балаларға қатысты көзқарастардың өзгеруіне ықпал ететін бірқатар халықаралық құжаттардың қабылдануымен сипатталды. 1989 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы Бала құқықтары туралы конвенцияны 193 ел

қол қойып бірауыздан қабылдады. Конвенцияның жиырма төртінші бабына сәйкес білім беру құқығын жүзеге асыру үшін Конвенцияға қатысушы мемлекеттер барлық деңгейлерде инклюзивтік білім беруді қамтамасыз етуге міндеттемелер қабылдайды және азаматтардың қажеттілігіне қарай өмір бойы оқуға немесе үзіліссіз білім алуға деген ұмтылыстарын қолдайды.

1994 жылы Саламанка қаласында (Испания) ЮНЕСКО қамқорлығымен арнайы қажеттіліктері бар, мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған Дүниежүзілік конференция өткізілді, онда «инклюзия» термині енгізілді және инклюзивті білім беру принциптері қабылданып жарияланды. Білім берудегі инклюзия принциптері мүмкіндігі шектеулі балалардың мүддесін ғана емес, ол барлық балалардың мүддесін тең қорғайды, қажетіне қарай қолжетімді және сапалы білім алуға мүмкіндігі шектеулі бала да, Қазақстанда өмір сүретін аз ұлттардың балалары да, дарынды бала да, өзінің тарихи отанына қайтып оралған төте жазумен жазатын бала да, бәрі бірдей тең құқылы.

Қазақстан мемлекеті бұл бағытта бірқатар халықаралық және ұлттық заңнамалық нормаларды қабылдап, барлық балалар үшін білім алу құқығына кепілдік беріп міндеттемелер қабылдады. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңына өзгерістер енгізілді. «Білім туралы» Заңда «ерекше білім беруге қажеттілігі бар адамдар (балалар) – денсаулығына байланысты білім алуда ұдайы немесе уақытша қиындық көріп жүрген, арнайы, жалпы білім беретін оқу бағдарламалары мен қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын қажет ететін адамдар» - деп көрсетіліп, инклюзивті білім берудің – ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке-дара мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылардың білім алуына тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін процесс екені айтылған. Білім беруде инклюзия принциптерін сақтау мектептің, жалпы білу беру ұйымдарының қызметіне бірқатар өзгерістер енгізуді талап етеді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 19 желтоқсандағы №534 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасында инклюзивтік білім беру жүйесін одан әрі дамытудың 2015-2020 жылдарға арналған іс-шаралар кешені» аясында Ы. Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясында жасақталған инклюзивті білім беруді дамыту орталығы Қазақстан мектептеріне және басқа да білім беру ұйымдарына инклюзивті білім беруді енгізуді үйлестіруші қызметін атқарды.

«Қазақстан Республикасында инклюзивтік білім беру жүйесін одан әрі дамытудың 2015-2020 жылдарға арналған іс-шаралар кешенін» жүзеге асыру аясында салалық министрліктер, жергілікті мемлекеттік органдар, барлық деңгейдегі білім беру ұйымдары, Назарбаев университеті Жоғары білім беру мектебі (Nazarbayev University Graduate School of Education), ғылыми-зерттеу ұйымдары, үкіметтік емес ұйымдар және шетелдік қоғамдық ұйымдар бірлесе отырып көптеген жұмыстар атқарылды: нормативтік-құқықтық құжаттар, білім беру ұйымдарында ерекше білім беруге қажеттіліктері бар оқушылар үшін қолайлы жағдайлар жасау мәселелерін шешу, оқыту процесін арнайы оқу-әдістемелік құралдармен жабдықтау, педагог мамандарды психологиялық және әдістемелік тұрғыдан даярлау, инклюзияға қатысты әрбір мәселенің шешімін табуға байланысты ғылыми-зерттеулер, мониторингтер жүргізу, инклюзивтік білім беру ұйымдарына әдістемелік қолдау көрсететін ресурстық орталықтар ашу, инклюзивтік білім берудегі тәжірибелерді тарату және т.б.

Жалпы әлемдік тәжірибе инклюзивті білім беру жүйесін қалыптастырудың ұзақ жүретінін көрсетіп отыр. Бұл жылдары жинақталған тәжірибе инклюзивті білім берудегі ең басты мәселе ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарды оқытуға медициналық ұстаным тұрғысынан емес, қоғамдық – әлеуметтік теңдік тұрғысынан қарау керек екенін көрсетті. Инклюзивті білім берудің дамуы қоғамның үлкен қолдауын қажет етеді.

Ауыл мектебі мен қала мектебіндегі білім сапасының деңгейлерін теңестіру де шешілуі қажет маңызды мәселе екенін еліміздің Президенті Қ. Тоқаев өз жолдауында атап көрсетті [5].

Бұған дейін жүргізілген талдау қазақстандық және шетелдік шағын комплектілі ауыл мектептерінің проблемаларының ұқсастығын көрсеткен болатын. Олар: экономикалық және білім беру тұрғысынан алғанда тиімділігінің төмендігі, оқу процесін ұйымдастырудың күрделілігі, оқыту әдіснамасының жетіспеушілігі, адами және білім беру ресурстарының тапшылығы.

Еліміздегі шағын жинақты мектептердің жұмысын оңтайлы ұйымдастыруда әр өңірдің өзіне тән ерекшелігі бар. Қазіргі кезде ауылдық шағын мектепті дамыту мәселесі жинақталған проблемаларды шешудің кешенді тәсілін қажет етеді және ол өңірлік факторларға тәуелді. Ондағы білім алушылардың саны өте аз болса да, шағын жинақты мектептерді сақтап қалу, бұл біздің еліміздің жағдайында шекара аумағындағы ауылдық елді мекендерді

дамытудың қажеттілігімен байланысты. Демек, жергілікті билік органдары ауыл мектептерін дамытуға барлық құрылымдарды тарту шараларын қолға алуы тиіс, олар шағын жинақты ауыл мектептерінің орналасуының аймақтық ерекшеліктерін ескере отырып, вариативті дамыту стратегияларын әзірлеуге қатыса алатын ұйымдар болуы қажет. Бірлескен жоспар негізінде олар шағын жинақты мектептерді қолдау бойынша аймақтық кешенді бағдарлама әзірлеуі және оны аймақтың даму индикаторына қосуы қажет. Себебі, білім беру жүйесінің құрылымдары білім беру ұйымдарындағы оқыту процесін жүзеге асыруда оларды тек оқу-әдістемелік жағынан қамтамасыз етіп отыруға құзырлы. Еліміздің шағын жинақты мектептерінің жұмыс ерекшеліктерінің бірі, ондағы әртүрлі жастағы оқушылардың біріктірілген сыныптарға топтастырылып оқытылуы. Бұл ерекшелік оқу процесін жетілдіру бойынша нақты шараларды қолға алуды қажет етеді.

Ауыл мектебі, бір жағынан, ауыл өмірінде болып жатқан өзгерістерді, қиыншылықтарды жылдам сезінеді, екінші жағынан мектептің өзі ауылдың әлеуметтік мәселелерін шешуде елеулі әсер етуге, қоғамдық ортада болып жатқан оқиғаларға жылдам жауап беруге мүмкіндігі бар. Мектептің дамуы оның әлеуметтік қоршаған ортасына, ауылдық социумның тәрбиелік әлеуетіне байланысты. Мектеп бұл жағдайда ең жақсы прогрессивтік идеяларды, дәстүрлерді тасымалдаушы, олардың генераторы және трансформаторы болу функциясын табысты атқара алады.

Қалалық мектепке қарағанда ауыл мектебінің әлеуметтік ортамен өзара қарым-қатынас орнатуда мүмкіндігі әлдеқайда мол. Ортаның талаптарын орындауға бейімделген немесе олармен тең қарым-қатынаста болатын қалалық мектептен айырмашылығы ауыл мектебі жақын орналасқан әлеуметтік ортаны өзіне ыңғайландырады, соның арқасында ортаның тәрбиелеуші ретінде мүмкіндігін кіріктіре отырып, оның ұйтқысына айналдырады.

Жаңа уақыт бізге жаңа сын-қатерлер тудырады. Олар экономиканың шикізаттық моделі артықшылықтарының төмендеуі, жаһандық экономикадағы протекционизмнің өсуі, цифрлық қоғамның қарқынды дамуы, технологиялық парадигманың ауысуы – бұның бәрі Қазақстаннан әлемде болып жатқан түбегейлі өзгерістерге ден қоюды талап етеді. Бұл туралы Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарында анық айтылған. Жоспарда Қазақстанның білім беру жүйесінің алдына әлемдегі үздік білімге қол жеткізу мақсаты

тұрғанына және осы бастаманың шеңберінде әлемдік үздік тәжірибенің оң элементтерінің қолданыстағы мәдени-білім беру модельдерімен және стандарттарымен синтезделуін қамтамасыз етудің маңызы зор екеніне аса назар аударылған.

Аталған жоспардағы тағы да бір бастама – тілдік жаңғырту. Орта білім берудің деңгейлерінде қазақ тілін үйретуді жаңаша тәсілдерді қолдана отырып жоғары деңгейге көтеру маңызды шаралар қатарына енеді. Жоғары деңгейде дамыған тілдік құзіреттерінің болуы азаматтардың әлемдік кеңістікте өздерін еркін сезінудегі және бәсекеге қабілетті болудағы басты шарттардың бірі екені мәлім. Орта білім беру жүйесінде білім алушылар мен ата-аналардың қажеттіліктері, білім беру ұйымдарының мүмкіндіктері мен ерекшеліктері ескеріле отырып шет тілдерін оқып-үйрену де жан-жақты қарастырылуы қажет.

Сонымен қатар, орта білім беру жүйесін дамытудағы маңызды мәселелердің қатарына әлемдік стандарттарға сәйкес орта мектептегі оқу мерзімін ұлғайту, орта немесе жоғары сыныптардан бастап міндетті бейіндік оқытуды енгізу де жатады.

Қазақстан Республикасында қазіргі заманғы мектеп білімінің дамуын әлемдік білім берудегі үдерістер контекстінде қарастыру керек. Бұл үдерістердің негізінде жаңғырту идеясы жатыр, демек жалпы орта білім берудегі жаңалықтар мен өзгерістердің басты мақсаты заман мен қоғам талабын қанағаттандыратындай мектептің моделін қалыптастыру екені анық.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Система общего среднего образования в Казахстане: современное состояние и тенденции развития. // Сайтимова Т.Н. Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата педагогических наук. 13.00.01 — общая педагогика, история педагогики и образования. ГОУ ВО «Волгоградский государственный педагогический университет» – 2011.– 25 стр.
2. Р. Өтеміс. «Қазақ даласындағы тұңғыш қыздар мектебі». Ақтөбе газеті, 1 тамыз, 2017 ж. // <http://www.aktobegazeti.kz/?p=56655>
3. Р. Утемисов. «Иргиз. Начало начал». Актюбинский вестник от 31.10.2016 г. // <http://avestnik.kz/irgiz-nachalo-nachal/>
4. Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары. Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығы. – "Егемен Қазақстан" 20.02.2018 ж., № 35 (29266);
5. ҚР Президенті Қ. К. Тоқаевтің «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» Қазақстан халқына жолдауы, 2 қыркүйек 2019 жыл.

Бауыржан Бокаев¹, Алуа Жолдыбалина²

*¹Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы
Мемлекеттік басқару академиясының докторанты*

*²Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қазақстан
стратегиялық зерттеулер институтының Әлеуметтік-саяси
зерттеулер бөлімінің басшысы, саясаттану докторы (PhD)*

ЗИЯТКЕРЛІК ӘЛЕУЕТТІ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МИГРАЦИЯЛЫҚ ТРЕНДТЕР: ЭКСПЕРТТІК САУАЛНАМАЛАРҒА ТАЛДАУ

Аңдатпа. Мақалада сараптамалық зерттеулер негізінде Қазақстандағы көші-қон үдерістерінің мәселелері мен тенденциялары талқыланып, сыртқы көші-қондың себептері мен халықтың көші-қон қатынасы, білім беру жүйесінің тиімділігі және оның көші-қон үдерісіне әсері талданады. Бұдан басқа, елдегі адам капиталын дамыту шеңберінде зияткерлік көші-қонды қысқарту жөнінде ұсынымдар берілді.

Мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018-2020 жылдарға ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру шеңберінде № AR05136246 «Еліміздің интеллектуалдық әлеуетін дамыту контексіндегі Қазақстан Республикасының көші-қон саясатын жаңғырту» жобасы аясында дайындалды.

Түйін сөздер: зияткерлік көші-қон, сыртқы көші-қон, білім, кәсіп, мамандықтар, университеттер.

Бауыржан Бокаев, Алуа Жолдыбалина МИГРАЦИОННЫЕ ТРЕНДЫ В КАЗАХСТАНЕ В КОНТЕКСТЕ РАЗВИТИЯ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОГО ПОТЕНЦИАЛА: АНАЛИЗ ЭКСПЕРТНЫХ ОПРОСОВ

Аннотация. В статье рассматриваются вопросы и тренды миграционных процессов в Казахстане, на основе экспертных опросов, также анализируются причины внешней миграции и миграционные настроения населения, эффективность системы

образования и ее влияние на миграционные процессы. Кроме того, даны рекомендации по снижению интеллектуальной миграции в рамках развития человеческого капитала в стране.

Статья подготовлена в рамках грантового финансирования научных исследований Министерства образования и науки Республики Казахстан на 2018–2020 гг. по проекту № AP05136246 «Модернизация миграционной политики Республики Казахстан в контексте развития интеллектуального потенциала страны».

Ключевые слова: интеллектуальная миграция, внешняя миграция, образование, профессии, специальности, ВУЗы.

Bauyrzhan Bokayev, Alua Zholdybalina

MIGRATION TRENDS IN KAZAKHSTAN IN THE CONTEXT OF INTELLECTUAL POTENTIAL DEVELOPMENT: ANALYSIS OF EXPERT POLLS

Abstract. The article discusses issues and trends of migration processes in Kazakhstan, on the basis of expert surveys, also analyzes the causes of external migration and migration attitudes of the population, the effectiveness of the education system and its impact on migration processes. In addition, recommendations were given to reduce intellectual migration in the framework of human capital development in the country.

The article was prepared within the framework of the grant financing of scientific research of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan for 2018–2020. project No. AP05136246 “Modernization of the migration policy of the Republic of Kazakhstan in the context of the development of the country’s intellectual potential”.

Keywords: *Intellectual Migration, External Migration, Education, Professions, Specialties, Universities.*

Introduction

Today, migration is a growing concern for both the expert community and the general population. As it is known, the out migration has certain negative consequences, which affect the competitiveness, economic and social stability of the state and, in general, the overall development of the country. In recent years, Kazakhstan has been characterized by a negative migration balance, which indicates that the number of people leaving the country outnumbers those entering the country. In this regard, it is

of particular interest to study the causes and factors contributing to the out migration, as well as the migration sentiments and aspirations of the population of Kazakhstan, which is of particular importance in the framework of the implementation of policies to regulate migration flows and development of countermeasures against external migration.

Methodology. Within the framework of the study, an expert interview was conducted among civil servants, professors of the Academy of Public Administration under the President of the Republic of Kazakhstan and its branches, experts in the field of migration and public policy.

The study covered the following regions of Kazakhstan - East Kazakhstan, North Kazakhstan, Mangistau, Karaganda, Nur-Sultan, Almaty and Shymkent. The expert opinion polls were attended by 147 experts aged 23 and over.

1. Reasons for external migration and migration sentiment

Today, one of the pressing and heatedly discussed topics in the country is the issue of external migration and the problem of “brain drain” - the departure of talent from the country and young people to study at foreign higher educational institutions. In the course of the survey, respondents were asked about possible reasons for the departure of citizens abroad. According to the survey results, the majority of respondents believe that the reasons for departure are in the socio-economic sphere. In particular, respondents noted such advantages as higher wages, better social living conditions and, in general, the quality of life:

“Firstly, the standard of living, working conditions, social security conditions. Why are they leaving? Because after graduation, simple employment in Europe and America is easier than ours” (man, 30 years old, civil servant, Nur-Sultan).

At the same time, the respondents of expert opinion polls also highlighted the possibility of self-development, self-realization and search for a better education as the reasons for external migration and brain drain. In addition, the principles of freedom of expression are attractive:

“Well, our people leave because here you can’t grow up, you can’t get a well-paid job” (woman, 38 years old, civil servant, Almaty).

“In America, it’s easier for a specialist to realize himself as a professional. And it is probably easier to realize as a person.” (man, 24 years old, civil servant, Nur-Sultan).

It is also worth noting the political motives as factors contributing to the decision to leave the country. They are reflected in the low level of

public trust in the authorities, intolerance of corruption, as well as in the low level of patriotic education:

“Here is a high level of corruption, well, we strive, of course, we have now created the Government for Citizens, well, it’s just first steps, but people will leave, it is an objective process. It is called “they vote with their feet” (man, 47 years old, civil servant, Nur-Sultan).

Of special note are the answers of respondents from North Kazakhstan, who paid considerable attention to educational migration to Russia, which, in their opinion, is associated with lower tuition fees and the high prestige of Russian higher educational institutions.

“The image component: their universities are old, they have good teachers. Plus, even medical education: at the Kazakh National Medical University named after S.D. Asfendiyarov it costs 800,000 tenge. In Omsk, let us assume that it cost 600,000 tenge - 500,000 tenge.” (man, 40 years old, civil servant, North Kazakhstan region)

Despite the negative trend of out migration among the respondents were those who expressed a positive mood, noting the temporariness of this phenomenon, due to the positive changes in the ongoing reforms in Kazakhstan.

“But I hope that this phenomenon is temporary, if we implement our programs and strategic plans, we will be a prosperous state, and the youth will have no reason, desire to leave and work, what is happening now.” (man, 46 years old, civil servant, Nur-Sultan).

Regarding their intentions to move abroad to work, most respondents expressed their readiness, but most of them did not consider leaving the country as an opportunity for permanent residence, noting only the desire to gain experience and knowledge in another country with further employment in Kazakhstan. Presence of family and relatives in Kazakhstan was also noted as an additional factor in deciding against moving away permanently.

“I was invited to work, I wanted to work, not to leave Kazakhstan, no, definitely not to leave for permanent residence abroad. For general development. In order to conduct some general research. My children, my roots are here, I want to die here” (woman, 56 years old, teacher, Almaty).

Another, less significant part of respondents expressed a readiness to move on condition that they receive job offers with good working condi-

tions. At the same time, some respondents expressed their negative attitude to the possibilities of migration, in most cases explaining their answer with patriotic feelings and a desire to benefit the country. It is worth mentioning separately the older generation, which speaks negatively about moving abroad, were largely motivated by age and unwillingness to change their lives.

“No, I’m not going, because I’m completely satisfied with everything here, and, of course, we have had such an opportunity, we still have it. Our relatives live abroad. But even among my children this question does not arise. In other words, we are rooted here, we have everything here” (woman, 44 years old, civil servant, North-Kazakhstan region).

“No, I’d rather stay in my village and develop it so that it would generate income for the population, I will strive to move forward and become a leader and patriot of my homeland” (man, 26 years old, civil servant, East Kazakhstan region).

2. Efficiency of education system: the migration factor

According to statistics, there is a strong out migration of technical, economic, pedagogical and medical professionals. In this regard, in the course of expert surveys, respondents were asked about the specialties necessary for the development of the Kazakh economy. In general, respondents agreed that it is necessary to develop and pay attention to all specialties, the most important thing is a quality training. Special attention was paid to such specialties as IT, industrial, technical (mechanical engineering), and agricultural (agronomist, veterinarian) professions.

“These specialties are most in demand in today’s world. These are the specialties of technical direction, of course, specialties in IT, because this is what drives modern progress, and modern industry. And, of course, no society can do without teachers, pedagogical and medical specialties” (man, 37 years old, teacher, North-Kazakhstan region).

In addition, economic specialties (financiers, economists, marketing specialists) were highlighted. This, according to respondents, will contribute to the development of business in the country.

Moreover, respondents were asked about the level of training in Kazakhstani universities. Respondents’ opinions on this issue differ. There are those who believe that the training of personnel in higher educational institutions is at a sufficient level. First of all, it is associated with the success of graduates in their professional activities, as well as with the developed material and technical base of Kazakhstani higher educational

institutions, on the basis of which all the necessary conditions for obtaining a quality education are created:

“Because now there are a lot of young people graduating. It’s really pleasant to look at them. They are educated, they are diverse.” (woman, 38 years old, civil servant, North Kazakhstan oblast)

The following higher educational institutions are identified as “strong” higher educational institutions in the country:

- “We have the flagship - Nazarbayev University, and the Academy of Public Administration under the President of the Republic of Kazakhstan. It seems to me that these two higher educational institutions are such” (man, 48 years old, teacher, Nur-Sultan);

- “I can emphasize one good higher educational institution, Nazarbayev University. In the rest the level of training lags behind the modern standard of living, this is my personal opinion” (man, 30 years old, civil servant, Nur-Sultan);

- “For example, in technical specialties I always recommend children to study in Karaganda. Because there’s a base, a teaching and production facility. If, for example, according to the pedagogical standards, I say I’m better off studying in Kokshetau, Ualihanov University, and teachers, too, there’s already such old staff. If in medical specialty, I recommended to them either Karaganda or Almaty” (man, 53 years old, civil servant, North Kazakhstan region);

Also a positive trend is the support of the initiative to abolish distance education, which, according to respondents, serves to reduce the quality of education.

The low quality of personnel training in higher education institutions is also affected:

- The low level of professional competence of higher educational institutions teachers, which is associated with the process of reducing the number of teachers with the “Soviet-style” as a benchmark for the quality of education. At the same time, the younger generation believes that it is the teachers with Soviet education who do not keep pace with the times, which makes education unclaimed.

- Inadequate training of teachers is primarily due to the social and economic problems of teachers - low salaries and weak social security, which is why this industry is less attractive for highly qualified specialists: “they need a constant income, respectively, they just spin in this environment, and do not develop themselves” (man, 30 years old, a teacher, Nur-Sultan).

- High levels of corruption and generally low administrative efficiency are seen as constraints on the effectiveness of the education system. There are quite categorical opinions that “our education system in Kazakhstan is the most corrupt. Even in comparison with other areas” (man, 40 years old, civil servant, North-Kazakhstan region)

- At the same time, fee-based education, according to some respondents, is one of the key obstacles to improving quality due to the lack of competitive advantages among students with increased access to higher education. However, opinions were also expressed about the need to reduce the cost of higher education, which will enable more applicants to obtain a profession:

In addition, there is often a dependence of the quality of education on the aspirations and needs of the students themselves, who, according to some respondents, are uninterested in receiving education, “because many students in higher educational institutions just went for the sake of a diploma, not the specific specialty” (man, 47 years old, civil servant of Nur-Sultan).

In addition, in the course of expert interviews, respondents identified a number of recommendations, including measures such as

- ✓ Strengthening the practical direction of education, introduction of practical disciplines into educational programs, application of modern interactive forms of information in the educational process, all of which will help to encourage students to study and improve practical skills.

- ✓ The need to bring educational programs in line with the requirements of the time and modern labor market, “to review the disciplines and educational programs every 5 years, taking into account the demand, i.e. not to train economists in the disciplines that we have been preparing for a long time. Now, if you have to go to the office, you have to go to the office, for economists, too. I.e. you have to be flexible, look at competitiveness” (man, 24, student, Nur-Sultan).

- ✓ Study and adaptation of the foreign experience of personnel training in all specialties, which can be done through the organization of professional development for teachers at foreign universities, institutes and enterprises, as well as the organization of foreign internships for students themselves.

- ✓ Expansion of academic and managerial freedom of higher education institutions, reduction of the number of higher education institutions in order to create competitive mechanisms in the educational environment, which will contribute to improving the quality of education:

- ✓ The need to improve the social and economic conditions of teach-

ers by increasing salaries and leveling out corruption risks by increasing the transparency of educational institutions

✓ Creating conditions and opportunities to improve the quality of “rural education”, where there is a shortage of teaching staff and in general the need for additional measures to support rural applicants to enter higher educational institutions.

✓ The need for narrow specialization, taking into account regional demand for specialties, as well as the development of measures to maintain the out migration of specialists:

“Our country is large, we have development by region. Our region is agro-industrial, so it is necessary to cultivate personnel in the sphere of agricultural production. Karaganda, western Kazakhstan, where all natural resources are available, need technical specialties.” (man, 53 years old, civil servant, North-Kazakhstan region).

Conclusions. Based on the research conducted, the following trends in migration in the Republic of Kazakhstan can be identified in the context of the development of the country’s intellectual potential:

➤ Respondents connect their lives and the lives of their children with Kazakhstan, where the main reasons are patriotic feelings for the homeland, the desire to benefit the development of their own country, as well as the established culture and lifestyle.

➤ At the same time, the survey has shown that there is a certain migration potential among experts related to the possibility of employment abroad. However, these migration aspirations are temporary in nature, where the desire to work abroad is motivated by the desire for valuable experience, knowledge, broadening of outlook and self-realization.

➤ At the same time, we can highlight a positive trend - the desire of Kazakhstani people to apply the knowledge and skills gained for the benefit of the development of Kazakhstan.

➤ Despite the fact that experts note that Kazakhstan has created all the conditions for the implementation of their plans and desires, as well as the possibility of employment in the specialty, the main reasons for the out migration of citizens abroad are more decent wages, social living conditions, as well as the possibility of self-realization.

➤ In this regard, we can highlight certain risks associated with the problems of regional development, among which we can stress: the mismatch between the level of income and the level of the area development, dissatisfaction with the social sphere, level of security and quality of infrastructure, which may adversely affect the migration sentiments of the population, because these areas are named as the motives for moving.

➤ In addition, it is possible to identify young people for whom respondents expressed concerns about employment issues, the quality of education, which may contribute to the out migration of young people to other countries. Furthermore, it is worth noting the North-Kazakhstan region, where this problem was particularly noted. At the same time, the Russian Federation, as the main country of admission of young people, has the advantage of lower tuition fees, better living conditions, as well as the image component - the prestige of Russian higher educational institutions.

➤ In the answers of respondents regarding the discrepancy of the quality of education and development of science in the Republic of Kazakhstan to that of modern trends in the labor market where a low level of readiness among teachers as carriers of knowledge and application of out-of-date forms of training, insufficient administrative potential of higher educational institutions, inexperience and unpreparedness of scientific employees to carrying out researches in modern laboratories, etc. is marked.

Raising wages and establishing social guarantees is now a key motivating factor for highly qualified specialists.

Слямжар Ахметжаров ¹, Адай Баймұқанов ²

¹ Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы

Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының

Әлеуметтік-саяси зерттеулер бөлімінің аға ғылыми қызметкері,

² «Nur Otan» партиясы Төрағасының бірінші орынбасарының
кеңесшісі

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЛҚАБИЛЕР СОТЫНЫҢ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа. Мақалада Қазақстандағы алқабилер институтының толыққанды жұмыс істеуіне бөгеу болатын негізгі кедергілер келтірілген. Алқабилер сотының аралас моделі, алқабилердің қарауына қолжетімді қылмыстық істердің шектеулі саны, сондай - ақ алқабилер шығарған ақтау үкімдерінің күшін жою - осы институтқа Қазақстанда сот төрелігін іске асыру жүйесінде толық құқықты орын алуға мүмкіндік бермейді. Аталған мәселелерді шешу үшін автормен бірқатар ұсыныстар беріледі.

Түйін сөздер: алқабилер соты, әділдік, сот төрелігі, айыптаушы көзқарас, үкімдер, 100 нақты қадам.

Слямжар Ахметжаров, Адай Баймұқанов ПРОБЛЕМЫ РАЗВИТИЯ СУДА ПРИСЯЖНЫХ В КАЗАХСТАНЕ

Аннотация. В статье представлены основные барьеры, препятствующие полноценному функционированию института присяжных в Казахстане. Смешанная модель суда присяжных, ограниченное количество уголовных дел доступных для рассмотрения присяжными, а также отмена оправдательных приговоров вынесенных присяжными - не позволяют данному институту занять полноценное место в системе отправления правосудия в Казахстане. Для решения указанных проблем автором приводится ряд рекомендаций.

Ключевые слова: суд присяжных, справедливость, правосудие, обвинительный уклон, приговоры, 100 конкретных шагов.

Slyamzhar Akhmetzharov, Aday Baimukanov
THE ISSUES IN THE DEVELOPMENT OF JURY TRIALS IN KAZAKHSTAN

Abstract. The article presents the main barriers for the effective functioning of the jury trials in Kazakhstan. The mixed model of the jury trial, the limited number of criminal cases available for jury consideration, as well as the overturning of jur-made verdicts - do not allow this institution to establish itself within the system of administration of justice in Kazakhstan. In order to address these problems, the author provides a number of recommendations.

Key words: *Jury Trials, Fairness, Justice, Accusation Bias, Verdicts, 100 Concrete Steps.*

Кіріспе

Түрлі халықаралық рейтингтерге сәйкес Қазақстанда сот төрелігінің тиімділігінің деңгейімен бірімәнді жағдай байқалады. Бір жағынан азаматтық сот ісін жүргізуде коммерциялық дауларды шешу тиімділігі бойынша, Қазақстан әлемде көш бастап тұр. Мәселен, қандай да бір елде бизнес жүргізудің қолайлылығын бағалауға бағытталған «Doing Business» Дүниежүзілік Банктің зерттеуінде, Қазақстан 2019 жылы «келісім-шарттардың орындалуын қамтамасыз ету» деңгейі бойынша әлемнің алғашқы 5 елінің қатарына кірді (4-орын) және осы көрсеткіш бойынша Франция (12-орын), АҚШ (16-орын), Германия (26-орын), Жапония (52-орын) сияқты дамыған мемлекеттерді басып озды [1].

Екінші жағынан, сот төрелігінің тиімділік деңгейін өлшеу жөніндегі индикаторлардың неғұрлым кең ауқымын қамтитын өзге де рейтингтерде Қазақстанда жеткілікті төмен позициялар байқалады. Мәселен, 2019 жылы Заң Үстемдігі индексіне Қазақстан 126 елдің ішінде 65 орынды иеленді [2]. Сол уақытта Freedom House рейтингіндегі ұқсас кезеңде Қазақстан еркін емес ел ретінде белгіленген [3].

Атап айтарлығы, Қазақстанның сот жүйесін дамыту бағытындағы күш-жігері 2007 жылы Республика әлемнің дамыған елдерінің үлгісі бойынша алқабилер сотын енгізу арқылы сот төрелігін іске асыруға халықтық қатысуды енгізуге бастамашылық етуге әкелді. Он жылдан асқан жұмыс істеу тәжірибесіне қарамастан Қазақстанда алқабилер соты сол беті толық «куатпен» жұмыс істеп кете алмағандығын

және сот төрелігі жүйесінде толыққанды орын ала алмағандығын атап өткен жөн. Мұндай қарама-қайшылықтың себебі неде? Неге өз тәжірибесі бойынша алқа билер институты сот жүйесінің елеусіз бұрышында қалып отыр?

Қазақстанда алқа билер институтын дамыту туралы мәселе өте күрделі болып табылады, өйткені тек құқықтық ғана емес, саяси сипатқа ие екендігін атап өткен жөн. Алқабилер институтының мәні қарапайым халықтың өкілдері әділ сот төрелігіне қол жеткізуге мүмкіндік алады. Басқаша айтқанда, мемлекет билікті халықпен бөліседі. Осыдан, қылмыстық қуғын-сүргін құқықтарының лауазымды адамдардан қатардағы азаматтардың қолына өту процесі тез және оңай болмайтынын түсіну қажет. Сондықтан да, бүгінгі күні **алқабилер соты Қазақстанның сот билігі жүйесінде әлі де әлсіз рөл атқарады және көбінесе сәндік институт болып табылады.** Осы мәселені тудыратын жағымсыз факторлардың бірі болып табылатындар:

Біріншіден, Қазақстанда алқабилер сотының аралас моделінің жұмыс істеуі. 2014 жылғы 4 шілдедегі ҚР ҚПК 655-бабына сәйкес сот талқылауы аяқталғаннан кейін судья мен алқабилер кеңесу бөлмесіне шығарылады, онда сотталушының кінәлілігі туралы бірлесіп шешім қабылдайды және оған жазалау шарасын айқындайды. Сот төрелігін іске асырудың осы нысаны бастапқыда алқабилердің пікірін қалыптастыруға судья тарапынан ықпал ету мүмкіндігіне байланысты тәуекел тудырады.

Екіншіден, Қазақстанда алқабилер сотының өте төмен қолданылуы тіркелген. Алқабилер сотының таралмауы, ең алдымен, осы институттың төмен соттылығына байланысты. Негізінен алқабилердің құзыретіне қылмыстық істерді қарау кіреді, онда болжамды жазалау шарасы өмір бойы бас бостандығынан айыру немесе өлім жазасы болып табылады. Сондықтан қылмыстық істердің өте аз саны алқабилердің қарауы үшін қолжетімді.

Үшіншіден, алқабилер шығарған ақтау үкімдерінің басым көпшілігі тәжірибеде жоғары тұрған сатыларда күшін жояды. Осылайша, ҚР Бас прокуратурасының мәліметтеріне сәйкес, 2012-2015 жылдар кезеңінде алқабилер шығарған ақтау үкімдерінің жартысы апелляциялық және кассациялық сатыларда сот алқаларымен жойылды.

Тарихи өткенді шолу: алқабилер институтының жұмыс істеуіндегі ағымдағы проблемаларды тудыратын факторлар.

Қазақстанда алқабилер сотын енгізуге қатысты қылмыстық іс жүргізу кодексіне түзетулер 2001 жылы қабылданды. Осы сәттен бастап сарапшылар тобында алқабилер сотының форматына қатысты кең талқылау жүрді, оны екі топқа бөлуге болады. Бір жағынан адвокаттардың көпшілігі [4], ғалым-құқықтанушылар [5], халықаралық ҮЕҰ өкілдері [6] және Мәжілістің кейбір депутаттары [7] үкімді алқалармен шешетін алқабилер сотының классикалық американдық моделін жақтады, ал сол уақытта тек судья жазалау шарасын анықтайды. Екінші жағынан судьялардың көпшілігі [8] және прокурорлар [9] соттың аралас моделін Франция мен Германияның үлгісі бойынша пайдалануды ұсынды, онда кінәлілік пен жазалау шарасы туралы шешімдерді алқабилер судьялармен бірлесіп қабылдайды. Осы модельді Парламент депутаттары 2006 жылы бекітті. 2007 жылдың қаңтарынан бастап алқабилер институты тәжірибеге енді.

Өз жұмысының бастапқы кезеңінде аралас алқа құрамы 9 алқабилер мен 2 судьядан тұрды [10]. 2010 жылы құрамда өзгерістер болды, атап айтқанда судьялар саны 1-ге дейін қысқарған, ал алқабилер саны бір адамға көбейген. Осы уақытқа дейін алқабилер сотының осы моделі қандай да бір өзгеріссіз жұмыс істеді. Яғни, әртүрлі үкіметтік емес ұйымдар мен құқық қорғаушылар тарапынан алқабилерге судьяның қысым көрсету фактілеріне қатысты таратылған сынға қарамастан, заңнамалық деңгейде классикалық моделдің пайдасына алқабилермен сот төрелігін іске асыру форматын өзгерту бойынша қандай да бір қадамдар жасалған жоқ.

Алқабилер сотының қолданылуының шектеулігіне келетін болсақ, бұл проблеманы Қазақстанда алқабилер сотының кезең-кезеңімен дамуы контекстінде қарау қажет. Он жылдан астам уақыт бойы алқабилер институтының соттылығы бірнеше рет өзгеріске ұшырады.

Кітаптың түпкі ойы - ірі ойыншылар арасындағы қайшылықтарды шешу кезінде үнемі Ташкенттің рөлін нығайтуға көңіл бөлген ӨР басшылығы сияқты әлемдік істердегі ойын ережелерін түсіну. И. Каримов өзіне қандай да бір державаның ықпалының «шектен тыс» күшейгенін байқағаннан кейін сыртқы саяси бағыт қарама-қарсы бағытқа өзгерді. Бұл бағыт Өзбекстанның Ресей мен АҚШ, НАТО және ҰҚШҰ, ГУӨӘМ және ЕурАзЭҚ және т.б. арасындағы тұрақты беталыстарынан айқын байқалады. Өз уақытында біз бұл беталысты «маятник саясаты» деп атадық. Жалпы алғанда, Б.Фазендейроның жұмысы Орталық Азия саясатының білгірлері үшін ешқандай жаңалық ашпайды және автор дәріс оқитын және аймақтың саяси өмірінің болмысы нашар көрсетілетін провинциялық жоғары оқу орындарының аудиториясына ғана қызығушылық танытады.

Isaacs R., Frigerio A. (eds.). Theorizing Central Asia: The State, Ideology and Power. – Basingstoke: Palgrave Macmillan, 2018. – XIX+319 pp.

Р. Исаакса мен А. Фригейроның «Орталық Азияны теоретизациялау» атты бірлескен жұмысы теориялық сипатқа ие және посткеңестік кезеңдегі мемлекет, идеология және билік сияқты маңызды институттардың аймақтағы қалыптасуы мен өзара іс-қимылына қатысты түрлі тұжырымдамаларды

түсіндіруге арналған. Авторлар аймақ мемлекеттерінің тәжірибесін зерттеу саяси теорияның дамуына өз үлесін қоса алатынына сенімді. Бұл еңбектің авторлары негізгі тақырыптар ретінде мемлекеттік басқару модельдерін зерттеу, идеологиялық құқықтық негіздемені іздеу, мемлекет пен құқықтық

институттарды жаңарту сияқты тақырыптарды алды.

Авторлар билікті заңдастыру процесі тұрғысынан аймақтың екі мемлекетін – Қазақстан мен Түркіменстанды бөлік көрсетеді. Бұл ретте, олар Қазақстан мемлекеті аралық кезеңде – мемлекеттік және неопатримониалды капитализм арасында тұр деп санайды. Авторлардың ойынша, Қырғызстан «менеджериализм» мен неолиберализмнан тұратын күрделі конструкция болып табылады. Кітапта аймақ мемлекеттерінің ұлттық идеяны іздеуге және осы процесті теория мен практикада көрсетуге жеке тарау арналған. Қазақстанда жеке билік режимінің айқын бөлінісі және оның легитимизациясы мен сакрализациясы орын алды, бұл оны монархиялық тұжырымдамаға жақындатты. Зерттеушілердің пікірінше, аталған феномен мифтер мен фантазиялардан құралған, олардың ең бастысы жаңа астананың - Астананың құрылуы (қазір – Нұр-сұлтан, бұл авторлардың болжамдарын тағы да растайды) болып табылады.

Мемлекеттік бірегейлікті іздеудің бұл процесі ішкі саяси сипатқа ие, сонымен қатар аймақ елдерінің халықаралық жағдайына, олардың ТМД шеңберіндегі әлемдік иерархиядағы және стратификациядағы жағдайына тікелей ықпал етеді. Кітапта жергілікті режимдер қару ретінде халықаралық қатынастардың кез келген маңызды теорияларын, атап айтқанда Хартленд Х. Макиндердің белгілі геосаяси тұжырымдамасын алады деп дәл айтылған. Жұмыста аймақ реализм мен либерализмнің халықаралық теорияларымен эксперимент жасауға арналған өзіндік бі полигон болды деген ой айтылды. Жалпы алғанда, авторлар Орталық Азия елдерін мемлекеттік модельдер мен өз қоғамдарының терең мүдделерінің арасында ымыраға жету үшін жеткілікті идеологиялық негіздеме таба алатын «толық жасақталмаған» мемлекеттердің қатарына толық негізбен жатқызуға болады деп қорытындылайды. Бұл фактор болашақта өзінің теріс рөл атқарады деп болжауға болады.

Новейшая история Центральной Азии: Проблемы теории и методологии. Сб. статей Вступ. ст., подгот., отв. ред.-сост. А.К. Аликберов, М.А. Рахимов. Российская акад. наук. Ин-т востоковедения. Ин-т истории АН РУз. – М.: Институт востоковедения РАН, 2018. – 304 с.

Бұл монография Еуропа мен Азияның түрлі елдерінің зерттеушілерінің қатысуымен ғылыми конференциялар,

халықаралық және аймақтық «дөңгелек үстелдер» және сараптамалық кездесулер өткізу бойынша Өзбекстан Республикасы

Ғылым Академиясының Тарих институтының, «Қазіргі заман тарихы орталығының» ғылыми бағдарламасы аясында орындалған, Орталық Азияның қазіргі заман тарихының материалдары негізінде тарих ғылымының теориясы мен әдіснамасы жөніндегі зерттеулерді қамтитын мақалалар жинағы болып табылады. Кітап басылымының жобасы Конрад Аденауэр атындағы Қордың (ГФР) қаржылық қолдауымен РҒА Шығыстану институтының (Мәскеу) қатысуымен жүзеге асырылды.

Бұл кітапта материалдар үш бөлім шеңберінде біріктірілген. Бірінші бөлім жалпы теориялық зерттеулерді қамтиды. Екінші бөлім Орталық Азия елдерінің мысалында теориялық және эмпирикалық материалдардың үйлесімін көрсетеді. Қазіргі заман тарихының пәнаралық алаңы, дәлірек айтқанда, тарихи білім туралы қорытынды бөлімде мұрағатшылық, этнология, дипломатия, халықаралық қатынастар, өнер тарихы бойынша материалдар ұсынылған.

Әлбетте, бізді бірінші кезекте Қазақстанға арналған материал қызықтырады. Бұл Қырғызстан мен Қазақстанның саяси жүйелерінің қалыптасуы қарастырылатын қос бөлім. Автор (И. Фукалов, Жүсіп Баласағұн атындағы Қырғыз ұлттық университеті, Бішкек) дамудың ұзақ тарихи кезеңінде қырғыз және қазақ халықтарының тіршілік әрекеті көшпелі өркениет жағдайында дамығанын жазады. Патриархалдық психология үстемдік

құрған заманда Даладағы қоғамдық пікір өткеннің құндылығына, «ата-бабалары өсиет етіп қалдырған» тәртіпке бағытталған. Әлеуметтік интеграция және билік үстемдігі процестері көшпелі қоғамда күрделі көп деңгейлі сипатта болды. Қазіргі дүниетанымдық императивке үйлесімді әсер еткен мемлекеттік идеология қалыптасты. Билік институтының одан әрі генезисі, оның мемлекеттік нысанының пайда болуы идеологиялық рәсімдеуді талап етті. Ата-бабалардың дінін мемлекеттік дін ретінде түсіндірудің аса қажеттілігі пайда болды.

Автордың пікірінше, тәуелсіз Қазақстанның жаңа саяси элитасының негізгі жүйе құраушы өзегін ауылдық маргиналдардан тартылған және осы әлеуметтік-мәдени түрге тән дүниетанымдық көзқарастарды, құндылық бағдарларды, саяси нанымдар мен идеалдарды, кеңестік саяси мәдениет пен саяси мінез-құлықтың ерекше белгілерін қамтитын көптеген табиғи көзқарастардың тасушысы болып табылатын ескі партиялық-мемлекеттік номенклатура өкілдері құрайды. Сондықтан Қазақстанның саяси мәдениеті дәстүрлі қоғамға тән кері бағытта дамыды.

Зерттеуші атап өткендей, 1990 жылдардың басында қазақ күресін күшейту үшін қолайлы жағдай жасаған қазақ трайбализмін мәдени оңалту және заңдастыру орын алған. Қазіргі саяси институттар ұжымшылдық, индивид мүддесінің қауым мүддесіне бағыну қағидаты тән дәстүрлі қоғамның жандану

құралына айналды. Осыдан қоғамның партиялық белгісі бойынша бөлінісін қабылдамау, үлкендерді құрметтеу қағидатына негізделген билікті құрметтеу сияқты құбылыстар туындайды. Қазақстан мен Қырғызстанның дәстүрлі қоғамға қайта оралуының негізгі себебі тарихи жағдайларға байланысты табиғи эволюциялық жолмен емес, бір жақты тәртіппен мемлекет реттейтін мәдени ұдайы өндіріс процесінің циклдiгi болып табылады.

Қазіргі уақытта Қырғызстан мен Қазақстанда посткеңестік адамның жаппай санасында саяси мәдениет жүйесінің екі түріне: бодандық мәдениеті мен азаматтық мәдениетіне, тоталитарлық-авторитарлық мәдениет пен либералдық-демократиялық мәдениетке қарсы тұру өріс алуда. Сондықтан мұнда нарықтық экономика мен саяси демократияның жаңа тарихи жағдайларында

құбылмалы өмірдің жаңа мазмұны шетке ығыстырылып, оның көрінетін қыры ғана қабылданады. Басқаша айтқанда, ескі дәстүрлі мазмұн жаңа демократиялық нысанға кіріктіріледі.

Бұл бөлімнің екі кемшілігі бар: Біріншіден, автор (1990-2000 жж. басындағы оппозициялық басылымдарға сілтеме жасай отырып) әлдеқашан ескіріп кеткен айқын идеологиялық бағыттағы бағаға сүйенеді. Екіншіден, И.Фукалов жақын таныс қырғыз саясатының ақиқатын автор қазақстандық шындыққа таратады. Жалпы алғанда, басылым Өзбекстан мен оның қоғамдық және саяси өміріне қатысты мадақ сөздерге толы. Зерттеудің шығу тегін ескеретін болсақ, бұл өте түсінікті жайт. Бірақ теориялық ізденістерді ұнататындар үшін ол Орталық Азияға қатысты аз болса да қызығушылық танытуы әбден мүмкін.

Clement V. Learning to become Turkmen”: Literacy, Language and Power, 1914-2014. – Pittsburgh PA): Pittsburgh University Press, 2018. – XII+254 pp.

Виктория Клементтің «Түркімен болуға үйрену: 1914-2014 жылдар аралығындағы әдебиет, тіл және билік» атты зерттеуі тарихи әрі саяси сипатқа ие. Монография хронологиялық қағидат бойынша құрастырылған және жеті тараудан тұрады. Автор тарихи контексте саясатты мәдени және әлеуметтік салалардағы трансформациялық процестермен байланыстыруға

әрекет жасайды. В. Клементтің пікірінше, тіл және білім беру саласындағы түркімендік тәжірибе (сауаттылықтың таралуы және алфавиттің ауысуы) күнделікті өмірді баяу, бірақ дұрыс бағытта өзгертті және сайып келгенде әлеуметтік процестерге түбегейлі әсер етті. Автор саяси пайымдар мен зияткерлік күрес түркімендік бірегейліктің тұжырымдалуына,

оның жаңғыруына көп жағдайда сауаттылықты тарату арқылы ықпал еткенін көрсетеді. Бұл трансформацияның қайнар көздері идеялар синтезі болып табылады олардың мәнін Клемент былай тұжырымдайды: мұсылман болып қалу және сол арқылы «әлем азаматтарына» айналу. Автор бұл процесс тұтас ғасырды алды деп санайды. Автор кеңестік мәдени революция кезеңіне – 1920-30 жылдарға, яғни сауатсыздықты

жою және халықтың жаппай сауаттылығын енгізу дәуіріне ерекше назар аударады, бұл қазіргі түркімен ұлтының нығаю процесінің қайнар көзіне айналды. Оған тіпті ұлттық зиялылар қуғын-сүргінінің қорқынышты кезеңі де ықпал ете алмады. Негізінде, қандай да бір нысанда және басқа да өзгерістері бар ұқсас процестер Орта Азияның басқа да республикаларында және КСРО-ның басқа да «ұлттық» аймақтарында өтті.

Регионализация в Центральной Азии. Стратегия Казахстана.
– Алматы: ФФЭ, 2019. – 91 с.

Бұл зерттеуді шетелдік зерттеулердің қатарына жатқызу қиын, өйткені бұл жобаны жүзеге асыруға Ф. Эберт атындағы қор Орталық Азия сарапшыларын, негізінен ғалымдардың жаңа буынының өкілдерін тартты. Зерттеу Орталық Азия аймағындағы аймақтандыру тұрғысынан Қазақстан үшін қолайлы тәсілдерді анықтауды көздейді. Талдау құжатының авторлары аймақтандырудың қандай да бір стратегияларының теорияда қаншалықты тиімді екені және оларды іске асыру кезінде қандай тәуекелдер болуы мүмкін екендігі туралы пайымнан тұрады. Аймақтандыру процестерінің стратегиясын айқындайтын салаларға экономика, қауіпсіздік, энергетика, су ресурстарымен қамтамасыз ету мәселелері сияқты аспектілер жатады. Сондай-ақ, аймақтық құрылыс этносаралық қатынастар тұрғысынан

және жаһандану тұрғысынан қарастырылады. Жұмыстың жаңалығы геосаяси жағдайдан басқа, проблемаларды түрлі парадигмалар мен ғылыми-талдау тәсілдерінің көмегімен қарастырудан тұрады.

Авторлар оларға жауап таппайынша аймақты талдау қиынға түсетін, өзара байланысатын екі сұрақ қояды. Бірінші сұрақ: Орталық Азияның шекаралары қайда жатыр? Орталық Азия аймағына қандай мемлекеттер кіретінін немесе кірмейтінін қалай анықтауға болады? Әдетте, шекаралар жүргізген кезде Орталық Азияға бес посткеңестік ел (Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан) қосылады. Бірақ кейбір сарапшылар мен ғалымдар Ауғанстанды, Қытайдың батыс бөлігін және түркі халықтары тұратын Ресей аумағын қосуы мүмкін. Екінші сұрақ: Орталық Азияда болып жатқан процестерді қалай атауға

болады? Егер интеграция туралы айтатын болсақ, аймақтық ұйымдар түріндегі өзара қарым-қатынастардың институционалдык нысандарының құрылуы сөз етіледі. Егер ынтымақтастық туралы айтатын болсақ, онда бұл өте тығыз тарихи, мәдени, экономикалық және басқа да байланыстар бар аймақ елдері үшін жеткіліксіз. Авторлар «ортаазиялық аймақтандыру» терминін қолдануды ұсынады.

Жұмыстың атауына қазақстандық стратегия енгізілсе де, бұл зерттеудің ерекшелігі Орталық Азия зерттеушілерінің (қазақстандық емес) не ҚР ұстанымын елемей, не Астана саясатына (қазіргі Нұр-Сұлтан) сын көзбен қарауы болып табылады. Бұл аспект бірінші кезекте қауіпсіздік мәселелеріне қатысты. Авторлар қазақстандық қауіпсіздік дискурсында елдің «Орталық Азия» тұжырымдамасымен берілген форматтағы аймақтандырудан «Қазақстанның геосаяси ортасы» және «шектес мемлекеттер» сияқты аморфты және серпінді тұжырымдамаларға көшу үрдісі байқалады деген қорытынды жасайды. Қазақстан қауіпсіздік дискурсы шеңберінде Орталық Азия елдерін әлеуетті қарсыластар ретінде де, өзінің ұлттық қауіпсіздігіне төнетін қауіп-қатерлерге қатысты одақтастар ретінде де қарастырмайды.

Сауда және интеграция саласында авторлар мыналарды ұсынады. Қазақстан мен аймақ республикалары үшін бірінші кезектегі міндеттердің арасында тарифтік емес кедергілер

проблемасы ерекше назар аударуды талап етеді. Авторлар Қазақстан көлік-логистикалық секторда транзиттік мемлекет мәртебесімен шектелмеуі тиіс екендігін негізге алады. Қазақстан стратегиясы қазіргі және жобаланып жатқан инфрақұрылымды пайдалана отырып, Орталық Азияның сауда серпінін ұлғайтуды көлік-логистикалық саясаттың басымдығы ретінде бөле алады.

Біраз уақыттан бері қазақстандық билік Ұлы Жібек жолы бойындағы сауда қатынастарын қалпына келтіруге бағытталған «Бір белдеу, бір жол» атты Қытай бастамасының аясында көлік-логистикалық желілерді дамытуға көп көңіл бөлуде. Шығыс пен Батысты байланыстыратын Қазақстанның стратегиялық орналасқан жері елдің көлік саясатында маңызды рөл атқарады. Алайда, осы тарауда талдау Қазақстан «Шығыс-Батыс» бағытына шамадан тыс сүйенбеуі тиіс екенін көрсетеді. Ел транзиттік мемлекеттің маңызды рөлін атқаратын көлік бағыттарын әртараптандыруды қарастыру керек.

Жоғарыда аталған барлық дәліздерде Қазақстан транзиттік мемлекеттің маңызды рөлін атқарады. Бірақ транзиттік мемлекет ретіндегі стратегиялық маңыздылығына қарамастан, оның өз мүдделерін ілгерілетуге жеткілікті мүмкіндіктері жоқ. Тек Оңтүстік - Солтүстік бағытындағы тауарлар ағыны ғана бұл қатарға жатпайды, онда қазақстандық билік Орталық Азия тауарларын солтүстік

бағыттарда жеткізу бойынша сауда серпініне ықпал етеді.

Авторлардың пікірінше, Қазақстанның көлік-логистикалық қарым-қатынастарын дамыту стратегиясының басымдықтары мынадай: Қазақстан Орталық Азияның сауда серпінін арттырудан пайда көруі мүмкін; ол Өзбекстанмен ынтымақтастықты нығайту арқылы сауда серпінін жақсартуы қажет; «Солтүстік - Оңтүстік» дәлізін реверсивті режимде пайдалану талап етіледі. Қазақстанға көлік дәліздерін Беларусь және Украина арқылы Балтық жағалауына белсенді жылжыту, Түркіменстан, Қазақстан және Өзірбайжан арқылы Қара теңізге транзитті дамыту ұсынылады.

Қазақстандық билік орындары Өзбекстанның мұнай өңдеу зауыттарын пайдалана отырып, өзінің шикі мұнайын өңдеу үшін пайдаланып, ішкі және Орталық Азия нарықтарына одан әрі жеткізуге шоғырлануы тиіс. Зерттеудің экологиялық бөлімі Қазақстанға қатысты апокалипсиялық болжамдарға толы. ХХІ ғасырдағы климаттың өзгеруі бойынша қаралатын барлық сценарийлерде Қазақстан температураның жоғарылауына осал болып отыр.

Біздің ойымызша, ұлттық және аймақтық құрылысқа арналған бөлім едәуір қызығушылық тудырады. Айрықша ұлттық бірегейлікті қалыптастыру және өшпенділік тілін пайдалану ОА-дағы мемлекеттердің тұрақтылығына қауіп төндіреді. Айрықша аймақтық бірегейлікті қалыптастыруда мемлекеттік емес

акторлар басты рөл атқарады. Авторлардың мына бір ойына дау келтіре алмаймыз: жеке тұлғалардың қауіпсіздігіне және мемлекеттердің қауіпсіздігіне тікелей әсер ететін, баяу әрекет ететін миналардың бірі - бұл айрықша ұлттық бірегейлікті қалыптастыру. Ұлттық бірегейліктің мұндай түрінде «ерекше» этнос немесе жоғары моральды құндылықтары мен ұлы тарихы бар ұлт туралы аңыз қалыптасады.

Авторлардың пікірінше, нәтижесінде, Орталық Азиядағы ынтымақтастыққа жәрдемдесу үшін аймақшылдықты пайдалана алатын Қазақстанға бүкіл үміт артылады. Жұмыста Орталық Азиядағы аймақтанудың пайдасына үш негізгі аргумент келтірілген. Олар тарихи, өтпелі және геосаяси аргументтер болып табылады. Бұл үш аргумент Орталық Азияның аймақтық және жергілікті болмысын көрсетеді.

Алайда, авторлар ұсынатын ұсыныстар мен қорытындылар әдеттегідей қарабайыр. Мәселен, зерттеу барысында аймақтық тәсіл Орталық Азия елдеріне аймақтық саясатта бірнеше ірі державаның қатысу жағдайында аймақтық дербестікті және аймақтық тұрақтылықты арттыруға көмектеседі.

Осылайша, зерттеуде батыс және посткеңестік сарапшылар жарты ғасыр бұрын қойған сұрақтар тағы да көтеріледі. ОА елдерінде көшбасшылар ауысты, кеңес заманы ежелгі аңыз болып көрінетін жаңа ұрпақ өсті; аймақпен көршілес Қытай сияқты әлемдік ауқымдағы

суперэкономика өсіп-өркендеді, еуразиялық интеграция тетігі іске қосылды, бұл Орталық Азия интеграциясы туралы мәселені толықтырмайды, керісінше күн тәртібінен автоматты түрде алып

тастайды (2005 жылы ОАЭҚ-пен болған сияқты). Бірақ бұл ескі сұрақтарға әлі де жауап жоқ. Бұл зерттеу тек техникалық әдістердің жиынтығын ұсынады.

Laruelle M. (ed.) The Nazarbayev Generation. Youth in Kazakhstan. – London, New York: Lexington Books, 2019. – 354 p.

Адам Смит әлемдік экономика және, тиісінше, тарихи даму нарықты басқарады деп санады, ал Карл Маркс капитал және суперпайдаға ұмтылу даму моторы болып табылады деген қорытындыға келді (әлеуметтік-саяси төңкерістерден басқа – «тарихтың алғышарттары»). Хелфорд Макиндер геосаяси императивтерге баса назар аударды. Геосаясатты зерттеген көрнекті заманауи зерттеушілері болып саналатын Самюэль Хантингтон мен Эмманюэль Тодд осы салаға социологиядан келді. Осылайша, әлемді география мен демография басқарады деуге тура келеді. Жалпы шеңберді көрсететін бірінші фактор базалық және салыстырмалы түрде өзгеріссіз болып табылады, ал екінші фактор баяу және жасырын әрекет етеді, бірақ оның нәтижелері байқалса, жаңа әлеуметтік, саяси, экономикалық және мәдени (кейде – тіпті өркениеттік) ақиқат пайда болады.

Бұл тақырыпты қажымас Марлен Ларюэльдің редакциясымен жазылған «Назарбаев ұрпағы: қазіргі Қазақстандағы жастар» атты жаңа ұжымдық басылым қозғайды. Монографияның негізіне

түпкі ой ретінде республика халқының жартысы Н.Назарбаев билікте болған отыз жылда дүниеге келген деген ой алынған. Шамамен 2000-шы жылдардың басынан бері бұл ұрпақ саяси тұрақтылық пен салыстырмалы материалдық молшылық жағдайында өмір сүреді және тұтынушылық мәдениеттің дамуына өз үлесін қосады. БАҚ-қа, дінге және ашық жария қызметке қатысты режим тарапынан қатаң шектеулерге қарамастан, бұл ұрпақ салыстырмалы түрде еркін жағдайда өсті. Осыған орай, М.Ларюэль ұрпақтар арасындағы айырмашылықты көрсетіп, өткен отыз жылдағы әлеуметтік және мәдени нормалардың өзгеруін жария ету мақсатын алға қойды.

Кітап осындай өзгерістің қыр-сырын көрсетуге әрекет жасалатын төрт бөлімнен тұрады. Бірінші бөлім қазақстандық жастардың ұлттық бірегейлікпен өзара байланысы тақырыбына арналған. Мұнда мынадай мәселелер қозғалады: жастар біртұтас болып табыла ма немесе әртүрлі топтардан тұра ма; жастарға азаматтық ұлттық бірегейліктің ықпалы; және ең өзекті мәселе - қазіргі жастардың арасында

«мәңгүрттерге», қазақтанып кеткен орыстарға және орыс тілділерге, сондай-ақ «шала қазақтарға» топтастырып бөлу сақталған ба деген сұрақтар көтеріледі. Бөлімнің авторы (Т. Құдайбергенова) қазақ тілінің жағдайында (оның күшеюі жағына қарай), ұлттық бірегейлік пен этникалықтың өсуі белең алуға деген қорытындыға келеді.

Екінші бөлім жастардың моральдық құндылықтар туралы пікірін бағалауға негізделген. Бұл бөлімде гендерлік, ұлтшылдық, консервативті және либералды құндылықтардың арақатынасы мен ықпалы сияқты мәселелер қозғалады; сондай-ақ жастардың (ауыл жастарының) қалалық ортаға этникалық және әлеуметтік ықпалдасуының болашағы тұрғысынан елдің үш ірі қаласында этно-ұлтшыл ландшафттың әлеуметтік-мәдени кесіндісі жасалады. Үшінші бөлімде жастар ортасында мәдени араласу процесіне жаһандандудың тигізетін ықпалы қарастырылды. Авторлар жастар арасында қалалар мен ауылдарда, сондай-ақ шет елдерде де ұлттық (қазақ) бірегейліктің артып келе жатқанын атап өтеді. Бұл процесс негізінен музыкалық эстрадалық мәдениеттен көрінеді. Ақырында, соңғы тарау осы феноменді зерттеуді жастар белсенділігінің артуы және оның БАҚ-қа, саяси ортаға, арт-қоғамдастыққа және жыныстық проблематикаға қосқан үлесі арқылы тәмамдайды.

Сонымен, зерттеу қазіргі Қазақстанның жаңа ұрпағының

дүниеге келуін, қалыптасуын және алғысахнаға шығуын айқын көрсетеді, оны авторлар ҚР Тұңғыш Президенті Н. Назарбаевтың мақсатты саясатымен байланыстырады. Бұл ұрпақ қадір-қасиеттер мен қарама-қайшылықтардың өзара байланысына ие: консьюмеризм және ұлтшылдық, іргелі ғылыми білімі болмаған кезде технологиялық ілгерілеушілік, әлемге және жаңа идеяларға ашықтық; саяси логика болмаған кезде ұлттық дәстүрлерге адалдық және бостандық, отбасылық құндылықтарға адалдық және патриотизм. Бұл тізімді, әрине, жалғастыра беруге болады, бірақ тарихшылар осындай процестерді көптеген қоғамдарда көненің көзі қирап, жаңашылдық еніп жатқан тарихи дамудың әртүрлі кезеңдерінен байқайды. Мұның нәтижесі әрқашан оң бола бермейді.

Осы зерттеу еліміздің саяси дамуының күрделі кезеңінде, яғни Н. Назарбаевтың орнына оның саяси мұрагері әрі рухани мирасқоры ретінде Қ. Тоқаев келген кезде жарыққа шығып отыр. Егер авторлар «Назарбаев ұрпағы» деп атайтын жас ұрпақ өзінің бірегейлігін оның атымен байланыстырса, онда тәуелсіз Қазақстанның екінші президентінің тұлғасы аға және орта ұрпақтың көптеген өкілдерін – «Қонаев ұрпағын» еріксіз тартады. Сонда біз «әкелер мен балалар» мәселесіне, дәлірек айтқанда, оның классикалық нұсқасында ұрпақтар қайшылығына тап боламыз. Бұл тұрғыда осы кітап жаңа мағынаға ие болады.

ЕКІНШІ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ САРАПШЫЛАРЫНЫҢ ФОРУМЫ ЖАЙЛЫ АҚПАРАТ



2019 жылдың 5-6 қыркүйек күндері Нұр-Сұлтан және Бурабай қалаларында «*Орталық Азиядағы су мәселелері бойынша сұхбат: ұлттық деңгей арқылы жалпы аймақтыққа*» тақырыбында Орталық Азия сарапшыларының екінші форумы өтті. Форумды Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты (ҚСЗИ), БҰҰ-ның Орталық Азия үшін превентивті дипломатия жөніндегі аймақтық орталығы (ОАПДАО) және Орталық Азиядағы Фридрих Эберт атындағы Қоры бірлесіп ұйымдастырды.

Нұр-Сұлтандағы форум Орталық Азия сарапшылары форумының бірінші отырысының логикалық жалғасы болды. (ОАСФ) – ол аймақ елдерінің жетекші талдамалық құрылымдарының ынтымақтастығы жүзеге асырылатын алаң. ОАСФ бірінші отырысы 2018 жылдың 29-30 қазанында Өзбекстанда өтіп, Орталық Азиядағы аймақтық ынтымақтастықтың өзекті мәселелері мен оның даму перспективаларына арналған.

Орталық Азия сарапшылары форумының екінші отырысының мақсаты: Орталық Азия елдерінің жетекші сарапшыларымен су-экологиялық және су-энергетикалық мәселелерді шешуде аймақтық ынтымақтастықты қамтамасыз етудің, экожүйе ретінде туризм саласын дамытудың өзекті мәселелерін талқылау, сондай-ақ аталған бағыттар бойынша өңір мемлекеттерінің үкіметтері үшін жалпы стратегиялық тәсілдерді, практикалық ұсыныстарды әзірлеу.

Форум жұмысына Президент Әкімшілігінің өкілдері, Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары, орталық мемлекеттік органдардың, ҚР Сыртқы істер министрлігінің, Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің және Энергетика министрлігінің басшылары, Қазақстан мен Орталық Азия елдерінің талдау орталықтарының директорлары мен жетекші сарапшылары, Қазақстан Республикасында тіркелген дипломатиялық миссиялардың басшылары мен халықаралық ұйымдардың өкілдері қатысты.



Форумды аша отырып, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының директоры **Зарема Шәукенова** оған арналған мәселелердің маңыздылығына тоқталды: «2018 жылдың 12 тамызында Ақтау қаласында Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияны қабылдау және Халықаралық Аралды құтқару қорының құрылтайшы мемлекеттері басшыларының саммитінде сұхбатты қалпына келтіру сияқты шабыттандыратын бағыттар Екінші Орталық Азия сарапшыларының форумының тақырыбы ретінде Орталық Азиядағы су мәселелері бойынша сұхбатты таңдауға түрткі болды. Бір маңызды сәтке баса назар аудару керек: аймақтағы ұлттық қауіпсіздік, ұлттық мүдде мәселелері тығыз байланысты, бірақ тұрақты жүйені құру үшін барлық тараптардың бірлескен күш-жігері талап етіледі», - деді. Сонымен қатар, ШЫҰ Бас хатшысы **Владимир Норовтың** құттықтау сөзін оқылды.

БҰҰ-ның Орталық Азия үшін превентивті дипломатия жөніндегі аймақтық орталығының басшысы және арнайы өкілі **Наталья Герман** құттықтау сөзінде Бірінші ОАСФ қорытындысы бойынша «пікірталастар осы жылдың ақпан айында Ташкентте өткен Бүкіл әлем сарапшыларының қатысуымен өткен Халықаралық конференцияның ұсынымдарымен бірге біріккен ұсыныстарға алып келді» деген фактіге ерекше назар аударды. Фридрих Эберт





атындағы қордың Қазақстандағы және Өзбекстандағы өңірлік директоры **Кристоф Мор** форумға қатысушыларды құттықтап, оған табысты жұмыс тіледі.

Шақырылған қонақтар мен Форум спикерлері арасында халықаралық ұйымдардың өкілдері - **Норимаса Шимомура**, Қазақстандағы БҰҰ жүйесінің Резидент-үйлестірушісі, **Йоханнес Стенбаек Мэдсон**, Еуропалық одақтың Қазақстандағы өкілдігі, Ынтымақтастық жөніндегі басшы, **Гий Бонвэн**, Швейцария даму және ынтымақтастық агенттігінің Орталық Азиядағы су ресурстары жөніндегі арнайы өкілі, **Бурунчук Лилия**, Дүниежүзілік банктің Орталық Азия бойынша аймақтық директоры су-экологиялық және су-энергетикалық проблема қазіргі геосаясатта ең өзекті мәселелердің бірі болып табылатынын және оны шешуге ірі халықаралық ұйымдар тарапынан үлкен көңіл бөлінетінін атап өтті. Сонымен қатар Форум ашылуында **Куванычбек Шадыбеков**, Қырғыз Республикасы Ұлттық стратегиялық зерттеулер институтының директоры және **Диловар Кодирзода**, Тәжікстан Республикасы Президенті жанындағы Стратегиялық зерттеулер орталығының директоры сөз сөйледі. Сонымен қатар Өзбекстан Республикасы Президенті жанындағы Стратегиялық және өңіраралық зерттеулер институтының директоры **Элдор Ариповтың** алғы сөзі оқылды.



Форумның бірінші күн тәртібі су-экологиялық және су-энергетикалық мәселелерді шешу бойынша Орталық Азия

елдерінің ұстанымдары мен тәсілдерін жан-жақты талдауға бағытталған. Пленарлық отырыстар Қырғыз Республикасы, Тәжікстан және Өзбекстан стратегиялық зерттеулер институттары директорларының модераторлығымен өтті.

«Орталық Азия елдерінің су-энергетикалық мәселелері және шешу тәсілдері» I сессиясының шеңберінде Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Трансшекаралық өзендер департаменті директорының орынбасары **Мұхтар Жакенов**, Қырғыз Республикасы ҰҒА Су мәселелері және гидроэнергетика институтының директоры **Догдурбек Чонтоев**, Өзбекстан Республикасы Су шаруашылығы министрлігі Суды пайдалану және суды үнемдеу технологияларын енгізу басқармасының бастығы **Шарифджан Кучкаров**, Тәжікстан Республикасы Президенті жанындағы Стратегиялық зерттеулер орталығы аппаратының басшысы **Нахтулло Назаров**, Түркіменстан Су шаруашылығы мемлекеттік комитетінің суды пайдалану бөлімінің бас маманы **Довран Чарыев**, ҚР Тұңғыш Президенті - Елбасы Қоры жанындағы Әлемдік экономика және саясат институтының жетекші сарапшысы **Лидия Пархомчик** сөз сөйледі.



«Орталық Азияның су-экологиялық мәселелері және оларды шешу жолдары» II сессиясында Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Ерекше тапсырмалар жөніндегі елшісі **Айымдос Бозжігітов**, Өзбекстан Республикасы Президенті жанындағы СӨЗИ орталығының басшысы **Бахтиёр Мустафаев**, Тәжікстан Республикасы Су ресурстары және энергетика министрлігі Су ресурстары басқармасының бас маманы **Муслихиддин Холиков**, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті География Институтының директоры **Медеу Ахметқал**, Қырғыз Республикасының ҰСЗИ ғылыми қызметкері **Амантур Сапарбаев**, ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ директорының орынбасары **Санат Көшкімбаев** сөз сөйледі.



«Туризм және су экожүйе ретінде - Орталық Азия ынтымақтастығын нығайтудың маңызды факторы» арнайы пленарлық сессиясы Ақмола облысы әкімдігінің қолдауымен ұйымдастырылды және аймақ елдерінің экотуризм саласын дамыту бойынша өзекті мәселелерді талқылауға арналған.

Сессия отырысы 6 қыркүйекте Қазақстанның ең көркем және туристік бағдарлы бұрыштарының бірі – Бурабай шатқалында өтті. Ақмола облысы әкімі **Ермек Маржықпаевтың** құттықтау сөзін әкімнің орынбасары **Марат Игалиев** оқыды. Қырғыз Республикасы ҰСЗИ директорының орынбасары **Айдай Темикеева**, Тәжікстан Республикасы Президенті жанындағы СЗО салалық зерттеулер басқармасы басшысының орынбасары **Умед Давлатов**, Өзбекстан Республикасы Президенті жанындағы СӨЗИ орталығының басшысы **Бахтиёр Мустафаев**, Қазақ Географиялық қоғамының мүшесі, қазақстандық трэвел-блогер **Нұржан Алғашов** және ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ Халықаралық зерттеулер бөлімінің басшысы **Әсел Назарбетова** баяндама жасады.



Сессияға қатысушылар экологиялық, инвестициялық және ақпараттық трендтер мен туризмді дамыту үрдістерін талқылады.

Талқылау барысында Орталық Азияға шетелдік туристер мен инвесторларды тарту, өңір елдерінің туристік саласы мен инфрақұрылымын сапалы жақсарту бойынша ұсыныстар әзірленді.



Форум жұмысының қорытындысы бойынша Орталық Азия елдерінің талдау орталықтарының басшылары мен БҰҰ Бас хатшысының Арнайы өкілі – Орталық Азия үшін превентивті дипломатия жөніндегі БҰҰ өңірлік орталығының басшысы Орталық Азия сараптамалық форумының Екінші отырысының Хаттамасына қол қойды.

Форумға қатысушылар Орталық Азия елдерінің су-экологиялық және су-энергетикалық бағыттардағы, сондай-ақ экотуризм саласындағы ынтымақтастығын одан әрі нығайту және арттыру қажеттігін атап өтті.

Үшінші Орталық Азия сарапшыларының форумын өткізу Қырғызстанда 2020 жылға жоспарланған. Ұйымдастырушы-Орталық Азия үшін превентивті дипломатия бойынша БҰҰ Аймақтық орталығының қолдауымен Қырғыз Республикасының Ұлттық стратегиялық зерттеулер институты.

Авторларға арналған нұсқаулық

1. Жалпы ережелер

1.1. ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ-де шығатын «Қоғам және Дәуір» ғылыми-сараптамалық журналында қазақ тіліндегі ғылыми мақалалар жарияланады.

1.2. Журналдың Интернет-сайттағы мекенжайы – www.kaziss.kz, kisi.kz.

2. Қолжазбаны беру тәртібі

2.1. Редакциялық алқа мақаланы журналға жариялауға шешім шығаруы үшін, авторлар редакцияға:

- мақаланың қолжазбасын;
- сырттан 1 пікір ұсынуы керек.

2.2. Редакция электронды пошта арқылы editor@kisi.kz мекенжайына жіберілген мақаланың қолжазбасын қабылдап, қарастырады.

Мақала мәтіннен, қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі аннотациялардан, суреттер, кестелер, әдебиеттер тізімінен тұрады және олар бір файлда рәсімделеді.

Жеке бетте авторлар, сондай-ақ редакциямен хат алмасуға жауапты автор жөнінде мәліметтер (аты-жөні, тегі, байланыс телефоны, электронды поштасы) көрсетіледі.

3. Қолжазбаны рәсімдеуге қойылатын талаптар

3.1. Мақалалардың көлемі:

- **эксперименттік мақала** 8 беттен 20 бетке дейін, 4-6 суреттен (кестеден) тұруы;
- аннотациялар, кестелер, суреттер мен әдебиеттер тізімін қоса алғандағы **шолу сипаттындағы мақаланың** көлемі 15-35 беттен, суреттер немесе кестелердің саны тоғыздан аспауы (3 сурет 1 бет болып есептеледі);

- **теориялық мақала** 10 беттен 20 бетке дейін, 4-6 суреттен (кестеден) тұруы керек.

3.2. Мәтіндік файлдар Word форматында (6.0 және ең соңғы нұсқалары), Times New Roman қарпімен, 14 pt көлемінде, 1.0 жол аралығында басылуы қажет.

3.3. Ғылыми мақалалар төмендегідей бөлімдерді қамтуы тиіс:

Кіріспе – соңғы он жылда жүргізілген зерттеу тақырыбына ұқсас немесе жақын отандық және шетелдік еңбектер қарастырылып, қойылған мәселе қысқаша баяндалады, зерттеудің мақсаты тұжырымдалады.

Зерттеудің әдістері – жаңа әдістер кеңінен сипатталады; бұрын жарияланған және белгілі әдістерді авторы мен/немесе әдістің атын көрсетіп, әдебиеттер тізімінде беру жеткілікті.

Зерттеудің нәтижелері – негізгі теориялық және эксперименттік нәтижелер, нақты мәліметтер, табылған өзара байланыстар мен заңдылықтар беріледі. Бұл ретте қолданыстағы теорияларды, сондай-ақ практикалық мәні бар мәліметтерді теріске шығаратын жаңа нәтижелер мен жаңалықтарға басымдық беріледі.

Нәтижелерді талқылау – отандық және шетелдік үздік баламаларымен салыстыру жүргізіледі. Зерттеудің пікірталас тудыратын тұстары мен автордың оларды шешу көзқарасы суреттеледі.

Қорытынды – жұмыстың нәтижелерін шығару, жаңашылдығы мен өзектілігін негіздеу, алынған нәтижелерді қолдануға қатысты ұсыныстар.

Зерттеудің қаржыландыру көздері – ведомство, қорлар мен жекелеген адамдар және тағы басқалары әдебиеттер тізімінің алдында беріледі. Қаржыландыратын ұйымдардың атаулары толық жазылады.

Әдебиеттер тізімі мәтінде көрсетілген сілтемеге сәйкес нөмірленеді. Библиографиялық мәліметтер 7.1-2003 мемлекеттік стандартына сәйкес рәсімделеді.

Ескерту. Әдебиеттер тізіміне нормативтік құжаттар, статистикалық жинақтар мен газет мақалалары кірмейді. Олар мәтінде көрсетілген жерде дөңгелек жақшаға алынып жазылады. Электрондық журналдардан басқа интернет-сайттарға сілтеме жасауға болмайды. Өзіне сілтеме жасау жалпы тізімнің 20-30 пайызынан аспауы керек. 10-15 жылдан бұрынғы әдебиет көздері тізімнің ауқымды бөлігін құрауы тиіс, әсіресе қолданбалы сипаттағы мақалалар үшін.

3.4. Кестелер араб сандарымен нөмірленіп, тақырыбы көрсетіледі. Баған тақырыбында сандық өлшемдері (бірліктер) қойылуы керек.

3.5. Суреттер (кестелер, сызбалар және т.б.) қара бояумен орындалуы керек. Түрлі түсті иллюстрациялар материалдың түсінікті болуы үшін ғана алынады. Суреттерге қысқаша тақырыптық түсіндірме беріледі. Суреттердің тақырыптары иллюстрациялар ішінде орналастырылмайды. Графика типтеріне қарамастан, дюймі 600-ден төмен емес, рұқсаты бар суреттер алынады. Суреттердің ең үлкен көлемі – 120 × 210 мм. Сканерден өткізілген немесе Интернеттен алынған графикалық материалдар басуға жіберілмейді.

1. Қолжазбаның құрылымы

Қолжазба төмендегідей тәртіпте беріледі:

- 1) ғылыми-техникалық ақпарат мемлекетаралық рубрикатары коды (МҒТАР) бірінші беттің сол жақ жоғарғы бұрышына қойылады;
- 2) авторлардың аты-жөні, тегі;
- 3) жұмыс орнының – мекеме, қала, елдің атаулары;

Ескерту: мақалада бірнеше автор болса, келесі тәртіппен рәсімделеді:

Д.К. Тоқтаров¹, Е.М. Жұмағұлов¹, Д.Б. Айдарбекова², С.Н. Дәрібеков³

¹Е.А. Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (Қарағанды қ., Қазақстан)

²Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Астана қ., Қазақстан)

³ Nazarbayev University (Астана қ., Қазақстан)

4) **Мақаланың тақырыбы** мейлінше қысқа, ақпараттық сипатта және қысқартусыз болғаны дұрыс;

5) **Мақаланың аннотациясы** мақала жазылған тілде беріледі.

ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАРДЫҢ АННОТАЦИЯЛАРЫ

Негізгі талаптар

Авторлық түйіндеменің негізгі мақсаты мен міндеттері

Авторлық түйіндеме ғылыми сипатқа ие үлкен жұмыс көлемінің қысқаша түйіндемесі болып табылады. Оқырман мақаланың аннотациясынан зерттеудің мәнін түсінуі керек.

Авторлық түйіндеменің құрылымы, мазмұны мен көлемі

Авторлық түйіндемеде жұмыстың мәнді фактілері баяндалады. Мақаланың құрылымын қайталайтын (кіріспе, жұмыстың мақсаты мен міндеттері, әдістері, нәтижелері мен қорытындыдан тұратын) аннотацияның құрылымына рұқсат етіледі.

Жұмыстың нәтижелері мүмкіндігінше дәл және ақпараттық тұрғыда сипатталуы керек. Негізгі теориялық және эксперименттік нәтижелер, нақты мәліметтер, табылған өзара байланыстар мен заңдылықтар келтіріледі. Бұл ретте қолданыстағы теорияларды, сондай-ақ практикалық маңызы бар мәліметтерді теріске шығаратын жаңа нәтижелер мен жаңалықтарға басымдық беріледі.

Қорытындыда мақалада сипатталған ұсыныстар, пікірлер мен болжамдарды келтіруге болады. Авторлық түйіндемеде мақаланың тақырыбындағы мәліметтер қайталанбауы керек және жалпылама сөздерді қолданбаған дұрыс (мысалы, мақала авторы ... қарастырады). Сондай-ақ онда құжаттың негізгі мазмұнын құрмайтын тарихи анықтамалар, бұрын жарияланған және белгілі ережелер берілмейді.

Авторлық түйіндеменің мәтіні қысқа әрі дәл және екінші реттік ақпараттан, жалпылама сөздерден, мәні жоқ тұжырымдардан ада болуы керек.

Авторлық түйіндемеде басылым нөміріне (мақаладағы әдебиеттер тізіміне) сілтеме жасалынбайды. Авторлық түйіндеме мәтінінің көлемі басылым мазмұнына сәйкес анықталады (мәліметтер көлемі, олардың ғылыми құндылығы мен/немесе практикалық маңызы), бірақ 120-150 сөзден кем болмауы тиіс.

6) кестелер, суреттер, әдебиеттер тізімінен тұратын **мақала мәтіні**.

7) **мақала туралы өзге екі тілдегі мәліметтер** (авторлардың аты-жөні, тегі, тақырыбы, түйіндеме, кілт сөздер).



Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты

Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты (ҚСЗИ) Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 16 маусымдағы Жарлығымен құрылған. 2014 жылдың сәуір айында Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Институт Астана қаласына көшірілді. 2018 жылы Институт өзінің 25 жылдық мерейтойын атап өтті.

Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының құрылған күнінен бастап оның негізгі мақсаты – Қазақстан Республикасының ішкі және сыртқы саясатының стратегиялық аспектілерін аналитикалық қамтамасыз ету.

ҚСЗИ кәсіби ғылыми-талдау орталығы болып табылады. 2018 жылдың қорытындысына сәйкес Пенсильвания университетінің «Global Go To Think Tank Index Report» дүниежүзілік зерттеу және талдау орталықтарының негізгі рейтингі бойынша ҚСЗИ әлемнің 8162 «ақыл орталықтары» арасынан 142 орынды иемденіп, рейтингке кірген жалғыз қазақстандық «ақыл орталығы» болды (https://repository.upenn.edu/cgi/viewcontent.cgi?article=1017&context=think_tanks).

Қазіргі таңда институтта саясаттану, әлеуметтану, мемлекеттік басқару, тарих және экономика секілді салалардың танымал мамандары – ҚР ҰҒА бір корреспондент-мүшесі, тоғыз ғылым докторы, бес ғылым кандидаты, үш Ph.D. және он екі ғылым магистрлері қызмет атқарады. ҚСЗИ-дың Алматы қаласында Өкілдігі бар және аймақтарда жаңадан өкілдіктер ашты.

ҚСЗИ өзінің 25 жылдық қызметі барысында институт халықаралық қатынастар, жаһандық және аймақтық қауіпсіздік мәселелері бойынша 300-ден астам кітап басып шығарды. Институтта үш журнал басылып шығарылады: «Қоғам және Дәуір» тоқсандық ғылыми-сараптамалық журналы (қазақ тілінде), «Казахстан-Спектр» тоқсандық ғылыми журналы (орыс тілінде) және «Central Asia's Affairs» тоқсандық сараптамалық журналы (ағылшын тілінде). Үш тілде жүргізіліп отыратын сайты, Facebook және Twitter әлеуметтік желілерінде өз парақшасы бар.

ҚСЗИ жыл сайын халықаралық ғылыми конференциялар, дөңгелек үстелдер, семинарлар, сарапшылар кездесулерін өткізіп тұрады. 2003 жылдан бері Институт Орталық Азия аймағының қауіпсіздігі мен тұрақтылығы мәселелеріне арналған 15 конференция өткізді. 2018 жылдың 15 маусымында Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы ҚСЗИ-нің 25 жылдығына арналған «Жаңғыртудың ұлттық стратегиялары: жетістіктері мен келешегі» атты мерейтойлық конференция өтті.

ҚСЗИ-дың ғылыми басқосуларына Қазақстан өңірлерінің және Орталық Азия елдерінің сарапшылары, сонымен қатар, АҚШ, Ауғанстан, Өзербайжан, Германия, Грузия, Жапония, Иран, Корея, Қытай, Моңғолия, Пәкістан, Ресей, Түркия, Үндістан, Ұлыбритания, Франция, Швеция және басқа да мемлекеттердің ғалымдары белсене қатысады.

ҚСЗИ көп жылдардан бері Қазақстанның жетекші жоғарғы оқу орындарының студенттері, магистранттары мен докторанттары ғылыми-зерттеу, кәсіби және дипломалды тәжірибелер мен тағылымдамалардан өтетін алаң болып келеді.

Институтта қызметкерлердің кәсіби және ғылыми өсулері үшін барлық қажетті жағдайлар жасалған. 2017-2018 жылдары Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрілігі ҚСЗИ үшін докторантура мен магистратураға мақсаттық гранттар бөлді. Қазіргі таңда ҚСЗИ Л.Н. Гумилёв атындағы Еуразия ұлттық университеті мен мен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті базаныда 6 магистрант және 10 Ph.D. докторант дайындап жатыр.

ҚСЗИ туралы толық ақпаратты төмендегі мекен-жайдан алуға болады:
Қазақстан Республикасы, 010000,
Нұр-Сұлтан, Бейбітшілік көшесі, 4
Тел.: +7 (7172) 75-20-20
Факс: +7 (7172) 75-20-21
E-mail: office@kisi.kz
www.kisi.kz, www.kaziss.kz



Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте Республики Казахстан

Казахстанский институт стратегических исследований (KAZISS) при Президенте Республики Казахстан создан Указом Президента Республики Казахстан 16 июня 1993 года. В апреле 2014 года Указом Президента Республики Казахстан КИСИ был передислоцирован в город Астану. В 2018 году Институт отметил свой 25 летний юбилей.

С момента своего возникновения основной задачей Казахстанского института стратегических исследований при Президенте Республики Казахстан является прогнозно-аналитическое обеспечение стратегических аспектов внутренней и внешней политики Республики Казахстан.

КИСИ является профессиональным научно-аналитическим центром. По итогам 2018 года КИСИ стал единственным казахстанским «мозговым центром», вошедшим в основной рейтинг «Global Go To Think Tank Index Report» Пенсильванского университета, заняв 142 место среди 8162 мозговых центров мира (https://repository.upenn.edu/cgi/viewcontent.cgi?article=1017&context=think_tanks).

В настоящее время в институте работают один член-корреспондент НАН РК, девять докторов и пять кандидатов наук, три доктора Ph.D, двенадцать магистров – специалисты в области политологии, социологии, государственного управления, истории и экономики. КИСИ имеет Представительство в г. Алматы, а также открывает свои представительства в регионах.

За 25 лет деятельности институтом было издано более 300 книг по международным отношениям, проблемам глобальной и региональной безопасности. В КИСИ издаются три журнала: «Қоғам және Дәуір» (на казахском языке), «Казахстан-Спектр» (на русском языке), «Central Asia's Affairs» (на английском языке). Институт располагает собственным сайтом на трех языках: казахском, русском и английском, а также ведет аккаунты в социальных сетях Facebook и Twitter.

КИСИ ежегодно проводит международные научные конференции, семинары, круглые столы, экспертные встречи. С 2003 года проведено 15 Ежегодных конференций КИСИ по вопросам безопасности и стабильности в Центральной Азии. 15 июня 2018 года состоялась юбилейная конференция «Национальные стратегии модернизации: достижения и перспективы» посвященная 25-летию КИСИ при Президенте РК.

В научных форумах КИСИ принимают участие эксперты из Казахстана и стран Центральной Азии, а также ученые из Азербайджана

Афганистана, Великобритании, Германии, Грузии, Индии, Ирана, Китая, Республики Корея, Монголии, Пакистана, России, США, Турции, Франции, Швеции, Японии и др.

КИСИ является многолетней базой для прохождения научно-исследовательских, профессиональных, преддипломных практик и стажировок для студентов, магистрантов и докторантов высших учебных заведений страны.

В настоящее время в институте созданы необходимые условия для профессионального и научного роста сотрудников. В 2017 и 2018 годах Министерство образования и науки Республики Казахстан выделило для КИСИ целевые гранты в Ph.D докторантуру и магистратуру. На сегодняшний день КИСИ готовит на базе Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилёва и Казахского национального университета им. аль-Фараби – 6 магистрантов и 10 докторантов Ph.D.

Более подробную информацию о КИСИ можно получить по адресу:
Республика Казахстан, 010000
Нур-Султан, ул. Бейбітшілік, 4
Тел.: +7 (7172) 75-20-20
Факс: +7 (7172) 75-20-21
E-mail: office@kisi.kz
www.kisi.kz, www.kaziss.kz



The Kazakhstan Institute for Strategic Studies Under the President of the Republic of Kazakhstan

The Kazakhstan Institute for Strategic Studies under the President of Kazakhstan (KAZISS) was established on June 16, 1993, by the Decree of the President of Kazakhstan. In April 2014, the President of Kazakhstan issued the Executive Order to relocate the KazISS to Astana. In 2018, the Institute celebrated its 25th anniversary.

Since its foundation, the mission of the KazISS has been the provision of forecast and analytical support of strategic perspectives of the domestic and foreign policies of Kazakhstan.

The KazISS is a professional think tank. At the end of 2018, KazISS became the only Kazakhstan's "think tank", which was included to the main rating of the "Global Go To Think Tank Index Report" of the University of Pennsylvania, occupying 142nd place among 8162 think tanks of the world (https://repository.upenn.edu/cgi/viewcontent.cgi?article=1017&context=think_tanks).

The KazISS employs a highly professional pool of experts; at present it includes two Corresponding Members of the National Academy of Science, one Corresponding Member of the Military Academy of Kazakhstan, nine Doctors of Science, five Candidates of Science, three PhDs and twelve Masters specializing in political science, sociology, public administration, history, and economics. The Institute has a representative office in Almaty and it is currently launching a number of branches in other regions of Kazakhstan. During the twenty-five years experience, the KazISS have published more than 300 books on international relations, global and regional security. The Institute issues three journals: the *Kogam zhane Dayir* (in Kazakh), the *Kazakhstan-Spectrum* (in Russian) and the *Central Asia's Affairs* in English. The KazISS has a trilingual website (in Kazakh, Russian, and English) and manages the corporate accounts on Facebook and Twitter.

The KazISS holds a great number of international conferences, seminars and round-table discussions on the annual basis. Since 2003, the KazISS has held fifteen Annual Conferences on Security and Stability in Central Asia. On June 15, 2018 passed International Conference «National modernization strategies: Achievements and Prospects», dedicated to the 25th anniversary of the Kazakhstan Institute for Strategic Studies under the President of the Republic of Kazakhstan.

The KazISS forums are attended by reputable experts from Kazakhstan and Central Asia as well as from Azerbaijan, Afghanistan, China, France, Georgia, Germany, India, Iran, Japan, Korea, Mongolia, Pakistan, Russia, Sweden, Turkey, the UK, the USA and others.

For the long period the KazISS has been considered as the distinguished place for the research, professional and thesis internships of bachelor, master and Phd students from various universities.

Currently the Institute has created the necessary conditions for professional and scientific growth of employees. In 2017 and 2018 the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan allocated targeted grants to KazISS for master's and PhD programmes. Today KazISS provides for the teaching of 6 master's and 10 Ph.D. students at the L.N.Gumilyov Eurasian National University and Al-Farabi Kazakh National University.

For any further information, contact us:

4, Beybitshilik St.
Nur-Sultan, 010000
Republic of Kazakhstan
Tel: +7 (717) 75-20-20
E-mail: office@kisi.kz
www.kisi.kz, www.kaziss.kz